



**HP LD4235 және HP LD4735  
Digital Signage дисплейлері**

Пайдаланушы нұсқаулығы

© 2014 Hewlett-Packard Development Company, L.P. Осы жердегі мәліметтер ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне арналған жалғыз кепілдік – осындай өнімдермен және қызметтермен бірге берілетін тікелей кепілдіктер. Осы құжаттағы басқа еш нәрсе кепілдік деп қаралмайды. HP компаниясы осы жерде кездескен техникалық немесе өңдеу қателері не жетіспеушіліктері үшін жауапты болмайды.

Бұл құжат авторлық құқықпен қорғалған меншіктік ақпаратты қамтиды. Бұл құжаттың еш бөлігінің Hewlett-Packard компаниясының алдын ала жазбаша ескертуінсіз фотокошірмелеуге, қайта шығаруға немесе басқа тілге аударуға болмайды.

Microsoft және Windows – Microsoft компаниялар тобының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.


Бірінші басылым (қаңтар, 2014 ж.)


Құжат бөлігінің нөмірі 749846-DF1


## Осы нұсқаулық туралы

Бұл нұсқаулық дисплейді орнату, жөндеу және техникалық сипаттамалар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

---

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Осылай жіберілген мәтін нұсқауларды орындамаудың дене жарақатына немесе өлімге себеп болатынын көрсетеді.

 **ЕСКЕРТУ:** Осылай жіберілген мәтін нұсқауларды орындамаудың құрылғы зақымдануына немесе ақпараттың жоғалуына себеп болатынын көрсетеді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Осылай жіберілген мәтін маңызды қосымша ақпарат береді.

---



---

# Мазмұны

<b>1 Өнім мүмкіндіктері .....</b>	<b>1</b>
HP Digital Signage үлгілері .....	1
Қосалқы құралдар .....	1
Қосымша құралдар .....	2
<b>2 Қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету туралы нұсқаулар .....</b>	<b>3</b>
Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат .....	3
Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары .....	3
Дисплейі тазалау .....	4
<b>3 Жасақтау және әзірлеу .....</b>	<b>5</b>
IR қабылдағышын қолдану .....	6
Тігінен орналастыру .....	7
Қауіпсіздік жүйесін қолдану .....	7
Қабырғаға ілу .....	8
Дисплейді қабырғаға ілу (қосымша) .....	9
<b>4 Қашықтан басқару .....</b>	<b>11</b>
Қашықтан басқару құралының түймелері .....	12
<b>5 Дисплейді қолдану .....</b>	<b>14</b>
Digital Signage құралдары немесе компьютерге жалғау .....	14
RGB/VGA байланысы .....	15
DisplayPort байланысы .....	16
HDMI байланысы .....	17
IR қабылдағышы байланысы .....	18
LAN/VOE байланысы .....	19
Дисплейді LAN/VOE арқылы жалғау .....	19
Бірнеше дисплейді бір ойнатқышқа қосу .....	20
Бірнеше дисплейді Ethernet арқылы видео байланыс (VOE) арқылы қосу .....	20
Бірнеше дисплейді Мозаика режимі арқылы қосу .....	20
Экранды реттеу .....	22
Кескін режимін таңдау .....	22
Бейне опцияларын қалау бойынша өзгерту .....	23
Компьютердің дисплей опцияларын қалауыңызша өзгерту. ....	24

Дыбысын реттеу .....	24
Дыбыс режимін таңдау .....	24
Дыбыс опцияларын қалауыңызша өзгерту .....	25
Қосымша опцияларды қолдану .....	25
Кіріс көздері тізімін қолдану .....	25
Ара-қатынас шамасын бейімдейді. ....	26
<b>16:9</b> : Бұл таңдау бейнені көлденеңінен, сызықты пропорциясын реттеу арқылы толық экранға кеңейту мүмкіндігін береді ( <b>4:3</b> форматты <b>DVD</b> -лерді көруге қолайлы). ....	26
Қарапайым скан : Бұл таңдау бейненің бастапқы жоғары ажыратымдылығымен, бірақ бейне сапасын жоғалтпай көру мүмкіндігін ұсынады. ....	27
<b>1:1</b> : Ара-қатынасы түпнұсқасынан бейімделмейді. ( <b>Display Port PC, HDMI PC, RGB PC</b> үшін ғана) .....	27
<b>4:3</b> : Бұл таңдау бейнені бастапқы <b>4:3</b> ара-қатынасымен көру мүмкіндігін ұсынады, экранның оң және сол жағынан қара жақтаулар пайда болады. ....	27
Масштабтау : Бұл таңдау бейнені еш өзгеріссіз толық экранға кеңейтіп көру мүмкіндігін ұсынады. Бірақ, бейненің жоғарғы және төменгі жақтары шорт кесіледі. ....	28
Фильм масштабы : Егере бейнені дұрыс ара-қатынаспен үлкейткіңіз келсе, Фильм Масштабы функциясын таңдаңыз. Есіңізде болсын: Бейнені үлкейткенде немесе кішірейткенде, бейне бұзылуы мүмкін. ....	28
<b>6 Параметрлерін қалауыңызша өзгерту .....</b>	<b>29</b>
Негізгі мәзірлерді ашу .....	29
КЕСКІН параметрлері .....	30
Бейне режимінің опциялары .....	31
Қосымша басқару .....	31
АУДИО параметрлері .....	32
Уақыт параметрлері .....	33
ОПЦИЯ параметрлері .....	33
Суретті ЖА (жеке анықтағыш) .....	39
ЖЕЛІ параметрлері .....	40
<b>7 Байланыс орнату .....</b>	<b>41</b>
Компьютер, <b>HD</b> қабылдағыш, <b>DVD</b> немесе <b>VCR</b> жалғау .....	42
<b>DisplayPort</b> байланысы .....	42
<b>HDMI</b> байланысы .....	43
Компоненттік байланыс .....	44
<b>LAN</b> жүйесіне жалғау .....	45
<b>USB</b> -ге жалғау .....	45
Гүл-тізбекті дисплейлер .....	46

<b>8</b>	<b>Дисплейді музыка, видео және фотолар үшін орнату .....</b>	<b>47</b>
	Желі күйі .....	48
	USB жад құрылғыларын жалғау .....	49
	Файлдарды шолу .....	51
	Қолдауы бар файл форматы .....	52
	Видеоларды ойнату .....	53
	Фотосуреттерді көру .....	56
	Музыка тыңдау .....	58
	PIP/PBP бағдарламасын пайдалану .....	60
<b>9</b>	<b>Ақауларды жою .....</b>	<b>63</b>
<b>10</b>	<b>Техникалық сипаттамалар .....</b>	<b>65</b>
	42-дюймді үлгілері .....	65
	Өлшемдер .....	67
	47-дюйм үлгілері .....	67
	Өлшемдер .....	69
	Алдын ала орнатылған дисплей ажыратымдылығын тану .....	70
	DTV режимі .....	70
	Инфрақызыл кодтар .....	71
<b>11</b>	<b>Нормативтік мәліметтер .....</b>	<b>73</b>
	Федералдық коммуникациялар комиссиясының (FCC) ескертуі .....	73
	Өзгертулер .....	73
	Кабельдер .....	73
	FCC логотипімен белгіленген өнімдер үшін сәйкестік декларациясы (тек АҚШ) .....	73
	Канадалық ескерту .....	74
	Avis Canadien .....	74
	Еуропалық Одақ стандарттары туралы ескерту .....	74
	Германияның эргономика ескертуі .....	75
	Жапония ескертуі .....	75
	Кореялық ескерту .....	75
	Қуат сымы жинағына қойылатын талаптар .....	75
	Жапондық қуат сымына қойылатын талаптар .....	75
	Өнімнің экологиялық ескертулері .....	76
	Материалдарды тастау .....	76
	Еуропалық Одақтың жеке шаруашылықтарындағы пайдаланушылардың қоқыс жабдықты тастауы .....	76
	Химиялық заттар .....	76
	HP қайта өңдеу бағдарламасы .....	76

Қауіпті заттарды шектеу (RoHS) .....	76
Түркия EEE ережесі .....	77
Украинаның қауіпті заттарды шектеу ережесі .....	77

## **12 Бірнеше өнімді басқару ..... 78**

Кабельдерді қосу .....	78
RS-232C конфигурациялары .....	78
Қарым-қатынас параметрі .....	78
Пәрмен сілтемелерінің тізімі .....	79
Протоколды жіберу/қабылдау .....	81
Жіберу .....	81
Тану .....	81
01. Қосу (Пәрмен: k a) .....	81
02. Кірісін таңдау (Пәрмен: x b) .....	82
03. Ара-қатынас жиілігі (Пәрмен: k c) .....	82
04. Қуат үнемдеу (Пәрмен: j q) .....	83
05. Сурет режимі (Пәрмен: d x) .....	83
06. Контраст (Пәрмен: k g) .....	83
07. Жарықтығы (Пәрмен: k h) .....	84
08. Анықтығы (Пәрмен: k k) .....	84
09. Түсі (Пәрмен: k i) .....	84
10. Түс реңі (Пәрмен: k j) .....	84
11. Түсі температурасы (Пәрмен: x u) .....	85
12. Көлденеңінен орналасуы (Пәрмен: f q) .....	85
13. Тігінен орналасуы (Пәрмен: f r) .....	85
14. К өлшемі (Пәрмен: f s) .....	86
15. Авто конфигурация (Пәрмен: j u) .....	86
16. Баланс (Пәрмен: k t) .....	86
17. Дыбыс режимі (Пәрмен: d y) .....	86
18. Жоғарғы жиіліктер (Пәрмен: k r) .....	87
19. Төменгі жиіліктер (Пәрмен: k s) .....	87
20. Спикер (Пәрмен: d v) .....	87
21. Дыбысы үнсіз (Пәрмен: k e) .....	88
22. Дыбысын басқару (Пәрмен: k f) .....	88
23. Уақыт 1 (Жыл/ Ай/ Күн) (Пәрмен: f a) .....	88
24. Уақыт 2 (Сағат/ Минут/ Секунд) (Пәрмен: f x) .....	88
25. Өшіру таймері (Қайталау режимі/Уақыт) (Пәрмен: f e) .....	89
26. Қосу таймері (Қайталау режимі/Уақыт) (Пәрмен: f d) .....	90
27. Қосу таймері кірісі (Пәрмен: f u) .....	92
28. Ұйқы уақыты (Пәрмен: f f) .....	93
29. Қуат қосу кідірісі (Пәрмен: f h) .....	93



30. Автоматты күту режимі (Пәрмен: m n) .....	93
31. Авто өшіру (Пәрмен: f g) .....	94
32. Тіл (Пәрмен: f i) .....	94
33. ISM режимі (Пәрмен: j p) .....	95
34. Авто ауысу кірісін таңдау (Пәрмен: m i) .....	95
35. Авто ауысу кірісін таңдау (Пәрмен: m j) .....	95
36. Қайта реттеу (Пәрмен: f k) .....	96
37. Мозаика режимі (Пәрмен: d d) .....	96
38. Мозаика режимін тексеру (Пәрмен: d z) .....	96
39. Мозаика ЖА (Пәрмен: d i) .....	97
40. Мозаика көлденең орналасуы (Пәрмен: d e) .....	97
41. Мозаика тігінен орналасуы (Пәрмен: d f) .....	98
42. Мозаика көлденең өлшемі (Пәрмен: d g) .....	98
43. Мозаиканың тігінен өлшемі (Пәрмен: d h) .....	98
44. Табиғи режимі (Мозаика режимінде) (Пәрмен: d j) .....	99
45. DPM таңдау (Пәрмен: f j) .....	99
46. Температура шамасы (Пәрмен: d n) .....	99
47. Қашықтан басқару құралын бекіту/Кілтті құлып (Пәрмен: k m) .....	99
48. Перне (Пәрмен: m c) .....	100
49. OSD таңдау (Пәрмен: k l) .....	100
50. Өткен мерзімін қайтару (Пәрмен: d l) .....	100
51. Сериялық нөмірін тексеру (Пәрмен: f y) .....	101
52. Бағдарлама нұсқасы (Пәрмен: f z) .....	101
53. Ақ Теңгеру Қызыл Күшейту (Пәрмен: j m) .....	101
54. Ақ Теңгеру Жасыл Күшейту (Пәрмен: j n) .....	101
55. Ақ Теңгеру Көк Күшейту (Пәрмен: j o) .....	102
56. Көмескі жарығы (Пәрмен: m g) .....	102



# 1 Өнім мүмкіндіктері

## HP Digital Signage үлгілері

HP LCD digital signage дисплейлерінің кең аспектілі белсенді матрицалы жұқа таспалы транзисторының (TFT) панелі бар. Дисплейлердің мүмкіндіктері мыналар:

- HP LD4235 үлгісі, 106,7 см (42 дюйм диагональді) кең экранды, шеттері көрінетін дисплей, ажыратымдылығы 1920 x 1080
- HP LD4735 үлгісі, 119,28 см (47 дюйм диагональді) кең экранды, шеттері көрінетін дисплей, ажыратымдылығы 1920 x 1080
- Көру бұрышы көлденеңінен 178 градус, тігінен 178 градус.
- VGA, HDMI, DisplayPort, VOE, USB, IR және аудио кірістері
- VGA, DisplayPort және үндеткіштің шығыс порттары
- RS232, LAN және IR (ультра-күлгін) сыртқы басқарулар
- Сыртқы үндеткіш опциясының аудио қолдауы
- USB-ге негізделіп орнатылған ойнатқыштар, желі бағдарламалары, DP және VGA қолданатын гүл-тізбекті видео байланысы, мозаика режиміне арналған IR тобы (RS232 арқылы гүл-тізбек байланысы); Ethernet арқылы видео байланыс (VOE)
- VESA қолдауы бар интерфейс:
  - HP LD4235: тесігі 200 x 200 мм
  - HP LD4735: тесігі 400 x 400 мм
- Network Sign Manager (NSM) (Желіге кіру менеджері) бағдарламалық құралы HP сандық дисплейлерін қашықтан және бір орталықтан басқару мүмкіндігін ұсынады. Пайдаланушылардың желіге жалғанған барлық дисплейлерді дереккор орталығы сияқты бір орталықтың желішесінен бақылау және пәрмен жіберу мүмкіндігі болады. Толығырақ ақпарат алу үшін, дисплеймен бірге жабдықталған *HP Network Sign Manager User Guide* (HP желіге кіру менеджерін пайдалану) нұсқаулығын қараңыз.
- HP Video Over Ethernet (VOE) (HP Ethernet арқылы видео байланысы) құралымен үйлесімділік желідегі HP HP Digital Signage дисплейлерін компьютерлер/медиа ойнатқыштармен сол желіде жалғайтын бағдарламалар мен құралдар жүйесін қамтамасыз етеді. Толығырақ ақпарат алу үшін, дисплеймен бірге жабдықталған *HP Video Over Ethernet User Guide* (HP Ethernet арқылы видео байланысын пайдалану) нұсқаулығын қараңыз.

## Қосалқы құралдар

- Бағдарламалық құрал және құжаттама ықшам дискі
- Қашықтан басқару (AAA батареялары жабдықталған)
- Қуат сымы
- DisplayPort кабелі
- HDMI кабелі

- RGB (VGA) кабелі
- IR қабылдағышы

## Қосымша құралдар

Қосымша жабдықтар (бөлек сатылады) үлгісіне байланысты әр түрлі болады.

- Тақта жинағы
- Үндеткіштер жинағы
- Қабырғаға ілу жинағы

## 2 Қауіпсіздік және техникалық қызмет көрсету туралы нұсқаулар

### Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

Дисплеймен бірге қуат сымы берілген. Егер басқа сым пайдаланылса, осы дисплейге сәйкес келетін қуат көзі мен байланысты ғана қолданыңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғу немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін:

- Қуат сымын жерге қосу элементін ажыратпаңыз. Тоқ айыры - өте маңызды қауіпсіздік бөлшегі
- Қуат сымын әрқашан жетімді орналасқан жерлік тоқ көзіне қосыңыз.
- Жабдықты қуат көзінен ажырату үшін қуат сымының ашасын электр розеткасынан шығарып алыңыз.

Қауіпсіздікті сақтау үшін қуат сымдарының немесе кабельдерінің үстіне ештеңе қоймаңыз. Оларды ешкім кездейсоқ баспайтындай немесе оларға сүрінбейтіндей етіп орналастырыңыз. Сымнан немесе кабельден ұстап тартпаңыз. Электр розеткасынан ажыратқанда сымды ашасынан ұстаңыз.

Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін *Safety and Comfort Guide* (Қауіпсіз және қолайлы жұмыс істеу нұсқаулығы) құжатын оқып шығыңыз. Онда жұмыс бекеті, орнату, дұрыс орналастыру нұсқаулары және компьютер пайдаланушылары үшін денсаулықты сақтау және дұрыс жұмыс істеу ережелері сипатталған, сонымен қатар, электр және механикалық қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат берілген. Бұл нұсқаулық интернетте [www.hp.com/ergo](http://www.hp.com/ergo) мекенжайында және осы дисплеймен бірге жабдыкталған құжаттамалық ықшам дискісінде берілген.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Дисплейді, сонымен қатар мультимедиа ойнатқышты/компьютерді қорғау үшін, барлық қуат сымдарын мультимедиа ойнатқыш/компьютерге және оның перифериялық құрылғыларын (мысалы, дисплей, принтер, сканер) қуат жолағы және үздіксіз қуат көзі сияқты кернеу ауытқуларынан қорғау құрылғысының пішіндеріне қосыңыз. Кернеу ауытқуларынан барлық қуат жолақтарын қорғамайды; Қуат жолақтарында осындай мүмкіндік бар деген арнайы жапсырма болуы керек. Зақымдалған жағдайда ауыстыру саясатын қолданатын және кернеу ауытқуларынан қорғамаған жағдайда жабдықты ауыстыруға кепілдік беретін өндірушінің желілік сүзгісін пайдаланыңыз.

Дисплейді дұрыс ұстап тұру үшін арнайы жасалған дұрыс өлшемді жиһазды пайдаланыңыз.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Комодтарда, кітап сөрелерінде, сөрелерде, үстелдерде, үндеткіштерде, жәшіктерде немесе арбашаларда дұрыс емес орнатылған дисплейлер құлап, жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Дисплейге қосатын барлық сымдарды және кабельдерді өткізгенде оларды қыспау, баспау немесе оларға шалынбау үшін аса сақ болу керек.

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны су тамып немесе шашырап кететін жерге орналастырмаңыз.

Құрылғы жанына гүл құмырасы сияқты суы бар нысанды орналастырмаңыз.

### Техникалық қызмет көрсету нұсқаулары

Дисплейдің жұмысын жақсарту және оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту үшін:

- Дисплейдің корпусын ашпаңыз немесе оны өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Пайдалану жөніндегі нұсқауларда көрсетілген басқару элементтерін ғана реттеңіз. Егер дисплей дұрыс жұмыс істемесе, құлап түссе немесе зақымдалса, өкілетті **HP** дилеріне, сатушыға немесе қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
- Бұл дисплей үшін тек дисплейдің жапсырмасында немесе артқы тақтасында көрсетілген тиісті қуат көзі мен қосылымды пайдаланыңыз.
- Электр розеткасына қосылатын құрылғылардың жалпы номиналды тогы розетканың номиналды тогынан аспауы керек және қуат сымына қосылған құрылғылардың жалпы номиналды тогы қуат сымының номиналды көрсеткішінен аспауы керек. Әрбір құрылғының номиналды тогын (ампер немесе A) анықтау үшін қуат жапсырмасын қараңыз.
- Дисплейді оңай қол жеткізуге болатын розетканың жанына орнатыңыз. Дисплейді ашаны берік ұстап, розеткадан тарту арқылы ажыратыңыз. Ешқашан дисплейді сымынан тартып ажыратпаңыз.
- Пайдаланбаған кезде дисплейді өшіріңіз. Экран сақтағыш бағдарламасын пайдалану және пайдаланылмаған кезде дисплейді өшіріп қою арқылы дисплейдің жұмыс істеу мерзімін айтарлықтай арттыруға болады.

---

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Жазу немесе сурет жабыстыру ұзақ уақыт бойы экранда бірдей статикалық суретті көрсететін дисплейлерде орын алу мүмкін. Жазу немесе сурет жабыстырудан аулақ болу үшін және дисплейдің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін, **OSD** құрылғысындағы төрт **ISM** таңдауының бірін және экран сақтағыш бағдарламаны қосуыңыз керек, статикалық ақпарат пен жылжымалы суреттер арасында жүйелі түрде ауыстыру немесе пайдаланбаған кезде ұзақ уақыт бойына дисплейді өшіру керек.

---

- Корпустағы ойықтар мен тесіктер желдетуге арналған. Бұл тесіктерді бітеуге немесе жабуға болмайды. Корпус ойықтарына немесе басқа тесіктерге ешқашан ешқандай зат салмаңыз.
- Дисплейді түсіріп алмаңыз немесе тұрақсыз бетке қоймаңыз.
- Қуат сымының үстіне ештеңе қоймаңыз. Сымды баспаңыз.
- Дисплейді жақсы желдетілетін жерде, шамадан тыс жарықтан, жылудан немесе ылғалдан алыста ұстаңыз.
- Дисплей негізін алғанда, сызат түсуін, түсі кетуін немесе бұзылуын болдырмау үшін дисплейді бетін төмен қаратып қою керек.

## Дисплейі тазалау

1. Дисплейді өшіріңіз және құрылғының артынан қуат сымын ажыратыңыз.
2. Дисплейдің экраны мен корпусын жұмсақ, таза антистатикалық шүберекпен сүртіңіз.
3. Күрделірек тазалау жағдайларында **50/50** қатынасында су мен изопропил спиртінің қоспасын пайдаланыңыз.


---

**⚠ ЕСКЕРТУ:** Шүберекке тазалағыш затты сеуіп, экран бетін ылғал шүберекпен жайлап сүртіңіз. Тазалағыш затты ешқашан тікелей экран бетіне сеппеңіз. Ол жапқыштың артына өтіп, электрониканы зақымдауы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Экран бетін немесе корпусы тазалау үшін, жанар май немесе еріткіш немесе кез келген ұшпа заттарды қамтитын мұнай шикізат көзіне негізделген заттары бар тазалағыштарды пайдаланбаңыз. Бұл химиялық заттар дисплейді зақымдауы мүмкін.

---

### 3 Жасақтау және әзірлеу




Элемент	Байланыс тақтасы	Сипаттама
(1)	HDMI	Дыбыс немесе аудио кіріс кабелін жалғайды.
	DP КІРІСІ	DisplayPort кіріс кабелін дисплейге қосады.
	DP ШЫҒЫС	DisplayPort шығыс кабелін мониторға қосады.
	LAN/VOE	Аймақтық желі кабелін жалғайды.
	SPEAKER ШЫҒЫС	Қосымша сыртқы үндеткіштерді дисплейге қосады.
	АУДИО КІРІС	Аудио кабелін дисплейге қосады.
	RGB/AV КОМПОНЕНТТІК ПОРТЫ	RGB/AV компоненттік шығыс кабелін дисплейге жалғайды.
	RGB/AV (КОМПОНЕНТТІК) кабелі	RGB/AV компоненттік кіріс кабелін дисплейге жалғайды.
	RS-232C ШЫҒЫС	RS-232C шығыс кабелін дисплейге жалғайды.
	RS-232C КІРІС	RS-232C кіріс кабелін дисплейге жалғайды.
	USB	USB кабелін дисплейге жалғайды.
	IR КІРІСІ	IR кабелін дисплейге жалғайды.

Элемент	Экран белгілері	Сипаттама
(2)	КІРІС	Кіріс көзін өзгертеді.
	МӨЗІР	Негізгі мәзірді ашады немесе кірістерді сақтап, мәзірден шығады.
	▲▼	Таңдалған элементті жоғары немесе төмен жылжытады.
	<>	Дыбыс деңгейін реттейді.
	АВТО/ РЕТТЕУ	Ағымдағы сигнал көзі мен режимді көрсетеді. Экранды автоматты түрде реттеу үшін мына түймені басыңыз (RGB режимінде ғана).
	⏻/⏷	Қуат көзін қосады немесе өшіреді.

## IR қабылдағышын қолдану

Қашықтан басқару сенсорын қажетті аймаққа қою мүмкіндігін береді.




**ЕСКЕРТПЕ:** IR қабылдағышының магниті бар. Егер ол өнімнің бүйіріне немесе түбіне жапсырылса, сыртқы күштердің әсерінен IR қабылдағышы түсіп қалуы мүмкін. Өнімнің артына жапсыруға кеңес береміз.



## Тігінен орналастыру


Тігінен орналастыру үшін, дисплейге алдыңғы жағынан қарап, сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрыңыз.




## Қауіпсіздік жүйесін қолдану

Қауіпсіздік жүйесін жалғау порты дисплейдің артында орналасқан.


Қауіпсіздік жүйесінің кабелімен дисплей мен үстелді жалғаңыз.



 **ЕСКЕРТІМЕ:** Қауіпсіздік жүйесі бөлек сатылады. Қосымша жабдықтарды көптеген электрондық заттар сататын дүкендерден сатып алуға болады.

## Қабырғаға ілу

Желдету дұрыс болу үшін, әр жағынан және қабырға жағынан **10 см** бос орын қалдырыңыз. Орнату туралы толық нұсқауларды ілгек құралын өндіруші жабдықтаған нұсқаулықтан қараңыз.



Егер дисплейді қабырғаға ілу қажет болса, қабырғаға ілу интерфейсі (қосымша жабдық) құралдың артына жалғаңыз

Дисплейді қабырғаға ілу интерфейсі (қосымша жабдық) қолданып ілгенде, абайлап іліңіз.

**1.** Қабырғаға ілу құралы мен бұрандаларды **VESA** стандарттарына сәйкес қолданыңыз.

Егер **VESA** стандарттарында көрсетілген өлшемнен ұзынырақ бұрандаларды қолдансаңыз, дисплейдің ішкі жағын бүлдіріп аласыз.

Егер стандарттарға сай емес бұрандаларды қолдансаңыз, дисплей орнатылған жерінен құлап қалуы мүмкін. Ондай жағдайларға **HP** компаниясы жауап бермейді.

**2.** Келесі **VESA** стандарттарын қолданыңыз:

- **785 мм (31 дюйм)** немесе одан артық
- Бекіту бұрандалары: Диаметрі **6,0 мм** x биіктігі **1,0 мм** x ұзындығы **10 мм**


**⚠ ЕСКЕРТУ:** Дисплейді жылжытқанда немесе орнатқанда, алдымен қуат сымын ажыратыңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.

Егер дисплейді төбеге немесе еңкіш қабырғаға ілсеңіз, құлап кетіп, қатты жарақатқа себеп болуы мүмкін.

**HP** компаниясы құптаған қабырғаға ілу құралын қолданыңыз, ілу үшін жергілікті таратушы орталығына хабарласыңыз немесе арнайы маманды шақырыңыз.

Бұрандаларды шамадан тыс қатайтпаңыз, себебі дисплейге зақым келсе, кепілдігіңіздің күші жойылуы мүмкін.


**VESA** стандарттарына жауап беретін бұрандалар мен ілгіштерді ғана қолданыңыз. Дұрыс қолданбау немесе бөтен жабдықтарды қолдану себебінен болған бұзылулар мен жарақаттар кепілдікте қамтылмаған.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Қабырғаға ілу құрылғысы - қосымша жабдық. Қосымша жабдықтарды жергілікті тарату орталығынан сатып алуға болады.


Бұрандалардың ұзындығы қабырға ілгегіне қарай әртүрлі болады. Ұзындығының талаптарға сай болуын қадағалаңыз.

Толығырақ ақпаратты қабырғаға ілу құралымен бірге берілген өндірушінің нұсқаулығынан қараңыз.

## Дисплейді қабырғаға ілу (қосымша)



1. Құлақты бұрандаманы немесе өнімнің бекітпелерін және бұрандамарды өнімнің артына енгізіп, қатайтыңыз. Құлақты бұрандамалардың орындарына кіргізілген бұрандалар болса, оларды алдымен алып тастаңыз.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Құлақты бұрандамалар мен қабырға бекітпелері дисплеймен бірге жабдықталмаған.

2. Қабырға бекітпелерін бұрандалардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз. Қабырға бекітпелері мен дисплейдің артындағы құлақты бұрандамаларды бір-біріне дәлденізі.
3. Құлақты бұрандамалар мен қабырға бекітпелерін бірі біріне мықты жіппен жақсылап байлаңыз. Жіпті жазық беткейге көлденең ұстаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Балалардың дисплейдің үстіне шықпауын немесе асылмауын қадағалаңыз.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Дисплейді қорғау үшін, мықты және үлкен платформа немесе шкаф қолданыңыз.

Бекітпелер, бұрандамалар және жіптер - қосымша жабдықтар. Қосымша жабдықтарды жергілікті тарату орталығынан сатып алуға болады.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Егер өнім орнықты жерге орнатылмаса, құлап қалу қаупі жоғары болады. Көптеген жарақаттардың алдын алу үшін, әсіресе балаларды жарақаттанудан сақтау үшін, келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Дисплей өндірушісі шкаптар немесе тұғырларды қолдануға кеңес береді.
  - Өнімді қорғайтын жиһазды қолдануға кеңес береді.
  - Өнімнің жиһаздың шетінен ілініп тұрмауын қадағалаңыз.
  - Өнімді биік жиһазға (мысалы, шкаптар немесе кітап сөрелері) қойғанда, жиһазды да, өнімді де қандай да мықты бір нәрсеге бекітіп, мықтаған дұрыс.
  - Өнімді өнім мен тұғыр жиһаздың арасындағы мата немесе басқа материалдың үстіне қоюға болмайды.
  - Балаларға дисплейге жету үшін немесе басқару құралдарын алу үшін жиһаздың үстіне шығуға болмайтынын түсіндіріп айту қажет.
-

---

## 4 Қашықтан басқару


Қашықтан басқару құралы батареямен бірге сатылады.

Батареяларды ауыстыру үшін, батареяның қақпағын ашып, батареялардың (1,5 В AAA) (+) және (-) белгілері бар ұштарын батарея ұясының ішіндегі белгілерге сәйкес салып, қақпағын жабыңыз. Батареяларды алу үшін, салу әрекеттерін кері орындаңыз.



**⚠ ЕСКЕРТУ:** Ескі және жаңа батареяларды араластырып қолданбаңыз, қашықтан басқару құралына зақым келуі мүмкін.

Қашықтан басқару құралын қашықтан басқару сенсорына бағыттап қолданыңыз.


---



## Қашықтан басқару құралының түймелері



Элемент	Түйме	Функциясы	Элемент	Түйме	Функциясы
(1)	Қуат	Дисплейді қосады немесе өшіреді.	(7)	ҮНСІЗ	Дыбысын өшіреді.
(2)	МОНИТОР КОСУ/ӨШІРУ	Дисплейді өшіреді және қайта қосады.	(8)	ҚУАТ ҮНЕМДЕУ	Қуат үнемдеу үшін экранның жарықтығын реттейді.
(3)	БЕЛПТ	USB режимінде файлдарды таңдайды.	(9)	КІРІС	Кіріс сигналын таңдайды.
(4)	ARC	Экранның ұзындығы мен енінің ара-қатынасын таңдайды.	(10)	Сандар мен әріптерден тұратын түймелер	Параметрге қарай, сандық және әріптік таңбаларды енгізеді.
(5)	Дыбысын көтеру / азайту	Дыбыс деңгейін реттейді.	(11)	Жарықтық пернесі	Ажыратымдылық пен жарықтығын құралдағы <b>Up</b> (Жоғары) және <b>Down</b> (Төмен) түймелері арқылы реттейді <b>USB</b> режимінде, Экрандағы мәзірдегі <b>Page</b> (Парак) функциясы тізімдегі келесі файлға жылжыту үшін қолданылады.
(6)	PSM	Сурет күйінің режимін таңдайды			



Элемент	Түйме	Функциясы	Элемент	Түйме	Функциясы
(14)	МӘЗІР	Негізгі мәзірді ашады немесе кірістерді сақтап, мәзірден шығады.	(19)	АВТО	Кескіннің орнын автоматты түрде реттейді және кескіннің тұрақсыздығын азайтады (RGB кірісінде ғана).
(15)	Шолу түймелері	Мәзірлер мен опциялар арасында жылжуға мүмкіндік береді.	(20)	USB	USB мәзірін HP Media Sign ойнатқышын басқару үшін таңдайды
(16)	ОК	Мәзірлер немесе опцияларды таңдайды және кірісіңізді растайды.	(21)	ШЫҒУ	Экрандағы барлық көрсеткімдерді тазалап, кез-келген мәзірден бастау күйіне оралады
(17)	АРТҚА	Пайдаланушыға қолданыстағы функцияларды бір қадам кері қайтару мүмкіндігін ұсынады.	(22)	МОЗАИКА	Мозаика сигналын таңдайды.
(18)	ЖА қосу/өшіру	Суретті ЖА нөмірі Желі ЖК реттеу нөміріне тең болғанда, қалаған дисплейіңізді бірнеше режимде басқаруға болады.	(23)	USB мәзірін басқару түймелері	Медианы ойнатуды басқарады.

---

## 5 Дисплейді қолдану

### Digital Signage құралдары немесе компьютерге жалғау

Дисплей "Қосу және ойнату" функциясын қолдайды. "Қосу және ойнату" функциясы үшін компьютерде дисплейге арналып орнатылған драйвер болады, қосымша бағдарлама қажет емес.

---


 **ЕСКЕРТПЕ:** Кескін сапасы жоғары болу үшін, **DisplayPort** байланысын қолданған дұрыс.

Бұл өнімнің стандартына жауап беру үшін, ферриттік жүрекшемен қорғалған сигнал интерфейстерін (**D-sub 15** істікшелі кабелі және **HDMI** кабелі сияқты) қолданыңыз.

Қоршаған орта суық болғанда қосылған дисплейдің экраны жыпылықтауы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.


Экранда қызыл, жасыл немесе көк таңбалар пайда болуы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.

Егер жабдықталған **D-sub 15** істікшелі сигнал кабелінен ұзынырақ кабель қолдансаңыз, кейбір кескіндер бұлыңғыр болып шығуы мүмкін.



Сигнал кірісінің кабелін жалғап, бұрандаларын сағат тілімен бұрап қатайтыңыз.

---

 **ЕСКЕРТУ:** Экранға саусағыңызды қатты батырмаңыз, экранда уақытша таңба пайда болуына себеп болады.


Экранда қимылсыз кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз, кескін қалдықтарының пайда болуы мүмкін. Мүмкіндік болса, экран қалқанын қолданыңыз.

---



## RGB/VGA байланысы

Компьютерден дисплейге аналогтық видео сигналдарын жібереді. Компьютер мен дисплейді стандартты RGB/VGA кабельдерімен келесі суретте көрсетілгендей жалғайды. Дисплейден RGB/VGA кіріс жалғағышын таңдаңыз. Аудио кірісінің кабелі дисплеймен бірге жабдықталмаған.




Бұл дисплейді басқа дисплейге RGB/VGA (гүл-тізбекті байланыс) арқылы қоссаңыз, екінші RGB/VGA кабельдің бір ұшын дисплейдегі RGB/VGA шығыс қосқышына, ал екінші ұшын тізбектегі келесі дисплейдің RGB/VGA кіріс қосқышына жалғаңыз. RGB/VGA байланысы арқылы мозаика режимін қолданатын жалғыз ойнатқыш/компьютерге бірнеше дисплейді (6 дисплейге дейін) жалғауға болады. Толығырақ ақпарат үшін, [Бірнеше дисплейді бір ойнатқышқа қосу \(20-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

## DisplayPort байланысы

Компьютерден дисплейге сандық видео сигналдарын жібереді. Компьютер мен дисплейді DisplayPort кабелімен келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз. Дисплей кірісін таңдау Аудио кірісінің кабелі дисплеймен бірге жабдықталмаған.

Бұл дисплейді басқа дисплейге DisplayPort (гүл-тізбекті байланыс) арқылы қоссаңыз, екінші DisplayPort кабелінің бір шетін дисплейдегі DP-Out қосқышына, ал екінші шетін тізбектегі келесі дисплейдің DP-IN қосқышына жалғаңыз. Толығырақ ақпарат үшін, [Бірнеше дисплейді бір ойнатқышқа қосу \(20-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


### Дисплейдің арты



## HDMI байланысы

Компьютерден дисплейге сандық видео және аудио сигналдарын жібереді. Компьютер мен дисплейді HDMI кабелімен келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз. HDMI кірісін таңдаңыз.

Дисплейдің арты



**ЕСКЕРТПЕ:** Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін қолданыңыз. Жылдамдығы жоғары HDMI кабельдердің 1080п жоғары анықтылық қарымы бар.

HDMI режимінде дыбыс естілмесе, компьютердің айналасын тексеріңіз. Кейбір компьютерлер бастапқы аудио шығысын HDMI байланысына қолмен өзгертуді қажет етеді.


Егер HDMI-PC режимін қолданғыңыз келсе, кірісті PC режиміне қойыңыз.

HDMI PC қолданылғанда, үйлесімділік мәселесі орын алуы мүмкін.

## IR қабылдағышы байланысы

Алыстан сымсыз басқару немесе IR қабылдағышын қолдану мүмкіндігін береді. IR кабелі дисплеймен бірге жабдықталған.

Дисплейдің арты




**ЕСКЕРТПЕ:** Қуат сымын ажыратыңыз.

## LAN/VOE байланысы

### Дисплейді LAN/VOE арқылы жалғау


- ▲ Дисплейді желіге қосу үшін, CAT-5 желілік кабелін Ethernet портына жалғаңыз.



Дисплейдің Ethernet кабелі медиа ойнатқышқа/компьютерге, рутерге (қосқыш) немесе Интранетке жалғауға болады. Желілік байланыс медиа ойнатқыш дисплейді басқару үшін **Video Over Ethernet** бағдарламалық құралды пайдалануға мүмкіндік береді. Қосылым, сондай-ақ, пәрмен деректерін жіберу үшін желілік медиа ойнатқышты/компьютерді іске қосатын **HP Network Sign Manager** бағдарламасын іске қосады.

**Ethernet** кабелін келесі байланыстардың бірі арқылы жалғаңыз:

- Компьютерді тікелей қосу — жергілікті кабельді дисплейдегі жергілікті портқа және медиа ойнатқыштағы/компьютердегі (1) жергілікті портқа жалғаңыз.
- Рутер — жергілікті кабельді дисплейдегі портқа және рутердегі (2) жергілікті портқа жалғаңыз.
- Интранет — жергілікті кабельді дисплейдегі портқа және кіру нүктесі (3) арқылы интранет желісіне қосыңыз.



## Бірнеше дисплейді бір ойнатқышқа қосу


Бірнеше дисплей бір медиа ойнатқышқа/компьютерге екі түрлі жолмен қосылуы мүмкін, яғни Ethernet арқылы видео байланыс немесе VGA не DisplayPort бейне сигналдары бар Мозаика режимі арқылы.

## Бірнеше дисплейді Ethernet арқылы видео байланыс (VOE) арқылы қосу

Бірнеше дисплейді бір медиа ойнатқышқа/компьютерге қосу үшін, әр дисплей медиа ойнатқыш/компьютер секілді бір желіге қосылған болу керек. Әр дисплейдің кіріс көзі VOE режиміне орнатылған болу керек. VOE мүмкіндігімен дисплейлер, медиа ойнатқышта/компьютерде іске қосатын VOE бағдарламалық құрал арқылы желіде бір, не бірнеше дисплей арасында байланыс орнатып, медиа ойнатқышқа/компьютерге қосылады. 12 дисплей бір медиа ойнатқышпен/компьютер арқылы жалғануы мүмкін (қосымша мәліметтер алу үшін *VOE Users Guide* (VOE пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз). Бірнеше дисплей бір медиа ойнатқышпен/компьютерге жалғанғанда, дисплейлер айна сияқты шағылысуы мүмкін (бір жұмыс үстелінің суреті барлық дисплейлерде бір уақытта көрсетіледі).



Суретті барлық дисплейде бір уақытта View Span "Display Resolution" (Дисплей ажыратымдылығы) диалогтық терезе арқылы ұзақ көрсетуге болады.




Дисплейлер медиа ойнатқыштағы/компьютердегі 12 графикалық адаптердің бас бөлігіне 12 жеке дисплей қосылғандай, қолданбамен пайдаланылуы мүмкін.



12 дисплеймен қосылым техникалық шектеу болып табылады және ол көрсетілетін жұмыс үстелі суретінің күрделілігіне (ойнату жарығы немесе ағынды бейне), шамамен 12 қол жетімді бейне ойнатылуымен байланысқан дисплей санына байланысты (қосымша мәліметтер алу үшін *Video Over Ethernet User Guide* (Video Over Ethernet пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз).

## Бірнеше дисплейді Мозаика режимі арқылы қосу

Tile Mode режимінде жүйелі қосылым үшін ұсынылған кабель жолы жоғарғы сол жақ дисплеймен іске қосуға және сол қабатта соңғы дисплейге сол жақтан оң жаққа қарай дисплейлердің жоғарғы қабатын қосуға арналған. Одан кейін кабельді дисплейдің жоғарғы оң жағынан дәл соның астындағы дисплейге, сол жақтағы дисплейге оң жақтан сол жаққа қарай қосыңыз. Келесі суретте көрсетілгендей, қабырғадағы барлық қабаттарға арналған жоғарыдан төменге кабель маршрутизаторымен алға/артқа қарай жалғастырыңыз.




Бірнеше дисплейді (DP арқылы 25 және RGB/VGA арқылы 6 дисплейге дейін) жалғыз медиа ойнатқыш/компьютерге мозаика режимі арқылы жалғауға болады. Мозаика режиміндегі бірнеше дисплейге DisplayPort немесе VGA бейне сигнал көздері арықыл ғана қолдау көрсетіледі. Бірнеше дисплейді қосқанда, медиа ойнатқыш/компьютер бірінші дисплейге ғана және DisplayPort немесе VGA арқылы ғана қосылады. Барлық дисплейлер бір-біріне гүл-тізбегі арқылы, яғни бір дисплейдің DP OUT қосқышын келесі дисплейдің DP IN қосқышына қосу немесе бір дисплейдің VGA OUT қосқышын келесі дисплейдің VGA IN қосқышына қосу арқылы жалғанған. Дисплейлердің барлығы бір бейне көзі, яғни DisplayPort не VGA, арқылы қосылу керек. Бірнеше дисплейді қосу үшін Мозаика режимін пайдаланғанда, бір жұмыс үстелінің суреті барлық дисплейлерде көрсетілуі мүмкін.



VGA немесе DisplayPort бейне көзін пайдаланғанда, Мозаика режимінде бірнеше дисплейді қашықтан басқару әрі бақылау үшін, RS-232 немесе желілік қосылым HP Network Sign Manager бағдарламасымен пайдаланылуы мүмкін.

RS-232 интерфейсін пайдалансаңыз, дисплейлер RS-232 кабельдерімен гүл-тізбегі арқылы қосылуы тиісі. RS-232 кабельдің бір жағын бірінші дисплейдің RS-232 кіріс қосқышына жалғап, медиа ойнатқыштын/ компьютердің сериялық қосқышына қосыңыз. RS-232 кабельдің бір ұшын RS-232 шығыс қосқышына, ал екінші ұшын келесі дисплейдің RS-232 кіріс қосқышына жалғап, әр дисплейді RS-232 кабельдері арқылы мозаика әдісімен қосыңыз.

Желілік қосылымды пайдалансаңыз, әр дисплейді желілік торапқа немесе кіру нүктеге CAT-5 кабелімен жалғаңыз, HP Network Sign Manager бағдарламасы жалғанған дисплей желісін табады. HP Network Sign Manager бағдарламасы пайдаланушыларға кез келген дисплейді немесе басқару әрі бақылау үшін дисплейлердің тағайындалған тобын таңдауға мүмкіндік береді. Егер дисплей VBE желісіне бұрыннан қосылған болса, әрекет етудің қажеті жоқ. HP Network Sign Manager бағдарламасы дисплейлерді іздеу функциясымен анықтайды (толық мәліметтер алу үшін *HP Network Sign Manager пайдаланушы нұсқаулығын* қараңыз).



Бірнеше дисплейді IR қашықтан басқару мүмкіндігімен де бақылауға әрі басқаруға болады.

**ЕСКЕРТПЕ:** Гүл-тізбегі арқылы бір медиа ойнатқышқа/компьютерге қосыла алатын дисплейлер саны сигнал күйіне және кабельдегі жоғалуларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Сигнал күйі жақсы болса әрі кабельдегі жоғалулар жоқ болса, DP арқылы 25 дисплейге дейін, RGB/VGA арқылы 12 дисплейге дейін бір медиа ойнатқыш/компьютер арқылы жалғауға болады.

High-bandwidth Digital Content Protection (HDCP) арқылы көшіруден қорғалған бейнені ойнатқыңыз келсе, DisplayPort кабелін бейне көзі ретінде пайдалануыңыз керек, сонда гүл-тізбекті байланыста HDCP қолдай алатын көп дегенде алты дисплейді қолдана аласыз.

Мозаика мүмкіндігін пайдаланғанда, дисплей кодын экран мәзірінде IR қашықтан басқару құралымен немесе дисплейдің басқару тақтасымен орнатуға болады, ал желіге қосылған дисплейлердің кодын HP Network Sign Manager бағдарламалық құралы арқылы орнатуға болады (қосымша мәліметтер алу үшін *HP Network Sign Manager User Guide* (HP Network Sign Manager пайдаланушы нұсқаулығы) құжатын қараңыз).

## Экранды реттеу

### Кескін режимін таңдау

Алдын ала орнатылған кескін бейнелерінің бірін таңдап, дисплей кескіндерінің сапасын жақсартуға болады.



1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (MƏ3IP) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ИЗОБРАЖЕНИЕ** (КЕСКІН) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Режим Изображения** (Кескін режимі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті кескін режимін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Опция	Сипаттама
Ашық	Контраст, жарықтық, түстер және анықтығын жақсартып, бейне сапасын қалауыңызша реттеңіз.
Стандартты	Бейнені қалыпты ортаға бейімдейді.
Фильм	Видео тамашалау үшін, бейне сапасын фильм көруге ыңғайлатып жақсартады.
Спорт	Ақ, жасыл және көк сияқты негізгі түстерді ажарландырып, видео сапасын жоғары қозғалысты әрекеттерді көрсетуге бейімдейді.
Ойын	Ойын ойнағанда бейне динамикалы болу үшін, видео кескінін жақсартыңыз.

5. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

## Бейне опцияларын қалау бойынша өзгерту

Экран сапасын барынша жақсарту үшін, негізгі және қосымша опцияларды қалауыңызша бейімдеңіз.

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (MƏ3IP) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ИЗОБРАЖЕНИЕ** (КЕСКІН) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Режим Изображения** (Кескін режимі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті кескін режимін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
5. Келесі опцияларды таңдап, бейімдеңіз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Опция	Сипаттама
Көмескі жарықтығы	Экранның жарықтығын жарықдиодты көмескі жарығын басқару арқылы бейімдейді. Жарықтығының деңгейін азайтсаңыз, экран көмескілеу болады, қуат шығыны азаяды, бірақ видео сигналдарына әсер етпейді.
Контраст	Видео сигналдарының деңгейін арттырады немесе кемітеді. Бейненің жарық бөлігі қаныққанда, контраст параметрлерін қолдануға болады.
Жарықтық	Бейнедегі сигналдың негізгі деңгейін бейімдейді. Бейненің қараңғы бөлігі қаныққанда, жарықтық параметрлерін қолдануға болады.
Анықтық	Бейненің жарық және қараңғы аймақтарының шеттерінің анықтығын бейімдейді. Деңгейі төмендеу болса, бейне жұмсақтау болады.
Түсі	Түстердің қанықтығын бейімдейді.
Түс реңі	Қызыл және жасыл түстерінің деңгейлерін теңгереді.
Түстер температурасы	Қызыл сияқты қанықты түстерді жұмсарту үшін жылы деңгейіне қойып, көмескілендіру үшін салқын деңгейіне қойыңыз.

Қосымша басқару	Қосымша опцияларды өзгерту.
Суретті қайта реттеу	Опциялардың бастапқы параметрлерін қалпына келтіреді.

6. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

## Компьютердің дисплей опцияларын қалауыңызша өзгерту.

Бейне сапасын барынша жақсарту үшін, әр бейне режимінің опцияларын қалауыңызша өзгертіңіз.

Бұл функция келесі режимдерде жұмыс істейді: **RGB[PC]** режимі.

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МЭЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ИЗОБРАЖЕНИЕ** (КЕСКІН) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Экран** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Келесі опцияларды таңдап, бейімдеңіз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Опция	Сипаттама
Ажыратымдылық	Қажетті ажыратымдылықты таңдаңыз. <a href="#">Параметрлерін қалауыңызша өзгерту (29-бет)</a> бөлімін қараңыз.
Авто конфигурация	Экранның орналасуын, сағат және фазаны автоматты түрде бейімдеуге реттейді. Конфигурация кезінде көрсетілген бейне бірнеше секунд тұрақсыз болуы мүмкін.
Орналасуы/Өлшемі/Фаза	Бейне анық болмаған жағдайда опцияларын реттейді, әсіресе конфигурациядан кейін таңбалар тұрақсыз болғанда.
Қайта орнату	Опциялардың бастапқы параметрлерін қалпына келтіреді.

5. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

## Дыбысын реттеу

### Дыбыс режимін таңдау

Алдын ала орнатылған дыбыс режимдерінің бірін таңдап, дыбыс сапасын жақсартуға болады.

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МЭЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **АУДИО** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Звуковой режим** (Дыбыс режимі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті кескін режимін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Режим	Сипаттама
Стандартты	Стандартты дыбыс сапасы қажет болғанда таңдаңыз.
Музыка	Музыка тыңдағанда таңдаңыз.

Фильм	Видео тамашалағанда таңдаңыз.
Спорт	Ойын ойнағанда динамикалық дыбыс үшін таңдаңыз.
Ойын	Ойын ойнағанда динамикалық дыбыс үшін таңдаңыз.

5. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

## Дыбыс опцияларын қалауыңызша өзгерту

Дыбыс сапасын барынша жақсарту үшін, әр дыбыс режимінің опцияларын қалауыңызша өзгертіңіз.

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **АУДИО** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Звуковой режим** (Дыбыс режимі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті кескін режимін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
5. Келесі опцияларды таңдап, бейімдеңіз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Опция	Сипаттама
Шексіз дыбыс	Екі үндеткіштен 5.1 арналық стерео дыбысын береді.
Жоғарғы жиіліктер	Шығатын негізгі дыбысты басқарады. Жоғарғы жиіліктер ұлғайтылғанда шығатын дыбыс жоғары жиіліктер аумағында ұлғаяды.
Төменгі жиіліктер	Шығатын дыбысты жұмсартады. Төменгі жиіліктер ұлғайтылғанда, шығатын дыбыстың жиілігі де артады.
Қайта орнату	Дыбыс режимін бастапқы параметріне қайта реттейді.

6. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

## Қосымша опцияларды қолдану

### Кіріс көздері тізімін қолдану

Кіріс көзін таңдау

1. Кіріс көздерінің тізімін ашу үшін **ПИТАНИЕ** (Кіріс көздері) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып қажетті кіріс көзін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Кіріс көзі	Сипаттама
AV	Мазмұндарды DVD немесе басқа сыртқы құралдар немесе сандық теледидар қабылдағышы арқылы көріңіз.
Құрамдас бөлшегі	Мазмұндарды DVD немесе басқа сыртқы құралдар немесе сандық теледидар қабылдағышы арқылы көріңіз.
RGB	Компьютер дисплейін экраннан көру.
HDMI	Мазмұндарды компьютер, DVD немесе сандық теледидар қабылдағышы немесе басқа анықтығы жоғары құралдар арқылы көріңіз.

DisplayPort	Мазмұндарды компьютер, DVD немесе сандық теледидар қабылдағышы сияқты анықтығы жоғары құралдар арқылы көріңіз.
VOE	Мазмұндарды Ethernet порты арқылы көріңіз.
USB	USB жадында сақталған мультимедиа файлдарын ойнатады.

## Ара-қатынас шамасын бейімдейді.


**⚠ ЕСКЕРТУ:** Статикалық, қозғалыссыз немесе өзгеріссіз бейнелерді көрсететейін қолданбалар барлық үлгілерде жарамды емес. Статикалық бейнелер экранда дақ немесе су дақтары сияқты көрінетін бейне қалдықтарының пайда болуына себеп болуы мүмкін. Кепілдік статикалық, қозғалыссыз немесе өзгеріссіз бейнелерді ұзақ уақыт немесе 24 сағат бойы көрсету нәтижесінде бейне қалдықтары пайда болған дисплейлерді қамтымайды. Бейне ақаулықтарын болдырмау үшін қолданыстан тыс кезде мониторды өшіріп қойыңыз немесе, егер жүйеде жабдықталған болса, қуат басқару параметрін қолданыстан тыс кезде мониторды өшіру қызметіне қойыңыз.

**📝 ЕСКЕРТПЕ:** Сондай-ақ, бейне өлшемін өзгертуді негізгі мәзір арқылы орындауға болды.

Скан режимі видео сигналдардың ажыратымдылығы 720п немесе одан жоғары болғанда жұмыс істейді.

РЕЖИМ	Құрамдас бөлшегі	RGB PC	DisplayPort		HDMI	
			DTV	PC	DTV	PC
<b>ARC</b>						
16:9	o	o	o	o	o	o
Қарапайым скан	o	x	o	x	o	x
1:1	x	o	x	o	x	o
4:3	o	o	o	o	o	o
Масштаб	o	x	o	x	o	x
Фильм масштабы	o	x	o	x	o	x


**16:9 :** Бұл таңдау бейнені көлденеңінен, сызықты пропорциясын реттеу арқылы толық экранға кеңейту мүмкіндігін береді (4:3 форматты DVD-лерді көруге қолайлы).




**Қарапайым скан : Бұл таңдау бейненің бастапқы жоғары ажыратымдылығымен, бірақ бейне сапасын жоғалтпай көру мүмкіндігін ұсынады.**

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер түпнұсқа бейнеде шуыл болса, шуылды шетінен көресіз.


---




**1:1 : Ара-қатынасы түпнұсқасынан бейімделмейді. (Display Port PC, HDMI PC, RGB PC үшін ғана)**




**4:3 : Бұл таңдау бейнені бастапқы 4:3 ара-қатынасымен көру мүмкіндігін ұсынады, экранның оң және сол жағынан қара жақтаулар пайда болады.**



**Масштабтау :** Бұл таңдау бейнені еш өзгеріссіз толық экранға кеңейтіп көру мүмкіндігін ұсынады. Бірақ, бейненің жоғарғы және төменгі жақтары шорт кесіледі.




**Фильм масштабы :** Егере бейнені дұрыс ара-қатынаспен үлкейткіңіз келсе, Фильм Масштабы функциясын таңдаңыз. Есіңізде болсын: Бейнені үлкейткенде немесе кішірейткенде, бейне бұзылуы мүмкін.



## 6 Параметрлерін қалауыңызша өзгерту

### Негізгі мәзірлерді ашу

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті мәзірді таңдаңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
4. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.



Элемент	Функциясы	Сипаттама
(1)	КЕСКІН	Бейне өлшемін, сапасын және әсерін бейімдейді
(2)	АУДИО	Дыбыс сапасын, әсерін немесе дыбыс деңгейін реттейді.
(3)	Уақыт	Уақыт, күн немесе таймер функцияларын реттейді.
(4)	ОПЦИЯ	Жалпы параметрлерін өзгертеді
(5)	ЖЕЛІ	Желіні орнатады.
(6)	МЕНИҢ МЕДИАМ	USB жадында сақталған видео, фотосурет және музыка мазмұнын көрсету немесе ойнату.

## КЕСКІН параметрлері

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (MƏZİP) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ИЗОБРАЖЕНИЕ** (КЕСКІН) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

Параметр	Сипаттама
<b>Ара-қатынас жиілігі</b>	Бейнелерді ең ыңғайлы өлшемде көру үшін өлшемін өзгертеді.
<b>Қуатты үнемдеу</b>	Экранның жарықтығын қоршаған ортаға қарай бейімделуге реттейді. <b>Деңгей</b> Өшірулі: Қуат үнемдеу функциясын өшіреді. Ең аз/Орташа/Ең көп: Жарықдиодты көмескі жарық деңгейін таңдайды. Экран өшірулі: Экран 3 секундтан кейін өшеді.
<b>Қуатты ақылды үнемдеу</b>	Экран жарықтығына қарай, жарықдиодты көмескі жарығын және контрастын реттейді. <b>Деңгей</b> Өшірулі: Қуатты ақылды үнемдеу функциясын өшіреді. Қосу: Қуатты ақылды үнемдеу функциясын реттелген шамасы бойынша қосады.
<b>Сурет режимі</b>	Экран көрсетілімі барынша сапалы болу үшін, алдын ала реттелген бейне режимін таңдайды немесе әр режимді пайдаланушының қалауынша өзгертеді. Әр режимнің қосымша опцияларын өзгертуге де болады. Алдын ала реттелген бейне режимдері дисплейдің үлгісіне қарай әртүрлі болады. <b>Режим</b> Ашық: Контраст, жарықтық, түстер және анықтығын жақсартып, бейне сапасын қалауыңызша реттеңіз. Стандартты: Бейнені қалыпты ортаға бейімдейді. Фильм: Видео тамашалау үшін, бейне сапасын фильм көруге ыңғайлатып жақсартады. Спорт: Ақ, жасыл және көк сияқты негізгі түстерді ажарландырып, видео сапасын жоғары қозғалысты әрекеттерді көрсетуге бейімдейді. Ойын: Видео кескінді компьютер немесе жалпы ойындар сияқты жылдам қозғалыс экраны үшін бейімдейді.
<b>ЭКРАН (RGB режимінде ғана)</b>	Компьютер дисплейінің опцияларын RGB режимінде өзгертеді. <b>Опция</b> Ажыратымдылық: Қажетті ажыратымдылықты таңдаңыз. <a href="#">Параметрлерін қалауыңызша өзгерту (29-бет)</a> бөлімін қараңыз. Автоматты конфигурация: Экранның орналасуын, сағат және фазаны автоматты түрде бейімдеуге реттейді. Конфигурация кезінде көрсетілген бейне бірнеше секунд тұрақсыз болуы мүмкін. Орналасуы/Өлшемі/Фазасы: Бейне анық болмаған жағдайда опцияларын реттейді, әсіресе конфигурациядан кейін танбалар тұрақсыз болғанда. Қайта орнату: Опциялардың бастапқы параметрлерін қалпына келтіреді.



## Бейне режимінің опциялары

Параметр	Сипаттама
Көмескі жарықтығы	Экранның жарықтығын жарықдиодты көмескі жарығын басқару арқылы бейімдейді. Жарықтығының деңгейін азайтсаңыз, экран көмескілеу болады, қуат шығыны азаяды, бірақ видео сигналдарына әсер етпейді.
Контраст	Видео сигналдарының деңгейін арттырады немесе кемітеді. Бейненің жарық бөлігі қаныққанда, контраст параметрлерін қолдануға болады.
Жарықтық	Бейнедегі сигналдың негізгі деңгейін бейімдейді. Бейненің қараңғы бөлігі қаныққанда, жарықтық параметрлерін қолдануға болады.
Анықтық	Бейненің жарық және қараңғы аймақтарының шеттерінің анықтығын бейімдейді. Деңгейі төмендеу болса, бейне жұмсактау болады.
Түсі	Түстердің қанықтығын бейімдейді.
Түс реңі	Қызыл және жасыл түстерінің деңгейлерін теңгереді.
Түстер температурасы	Қызыл сияқты қанықты түстерді жұмсарту үшін жылы деңгейіне қойып, көмескілендіру үшін салқын деңгейіне қойыңыз.
Қосымша басқару	Қосымша опцияларды өзгерту. Қосымша бейне опцияларын қараңыз.
Суретті қайта реттеу	Опциялардың бастапқы параметрлерін қалпына келтіреді.



**ЕСКЕРТІПЕ:** Егер **Бейне режимі** параметрі Бейне мәзірінде Ашық, Стандарт, Фильм, Спорт немесе Ойын параметрлеріне реттеліп тұрса, келесі мәзірлер бұл параметрлерге автоматты түрде реттеледі.

Түсі мен түс реңкін **RGB/ HDMI-PC/ DisplayPort PC** режимдерінде өзгерту мүмкін емес.

Ақылды қуат үнемдеу функциясын қолданғанда экрандағы тұрақты кескіннің ақ аймақтары қаныққан болып көрінеді.

Егер қуат үнемдеу ең аз, орташа немесе ең көп деңгейлеріне реттелсе, Ақылды қуат үнемдеу функциясы өшіріледі.

## Қосымша басқару

Параметр	Сипаттама
<b>Динамикалық контраст (Өшірулі/ Жоғары/Орташа/Төмен)</b>	Түстер контрастын экран жарықтығына барынша сай деңгейде ұстауға реттейді. Бейненің сапасын жарық жағын барынша жарық, көмескі жағын барынша көмескі ету арқылы жақсартады. (Функция келесі режимдерде жұмыс істейді - Компоненттік, HDMI-DTV, DisplayPort-DTV)
<b>Динамикалық түстер (Өшірулі/ Жоғары/Төмен)</b>	Түстерді ажарландыра, байыта және аша түседі. Бұл функция реңкін, қанықтығын және жарықтығын жақсартып, қызыл, жасыл және ақ түстерді ажарландырады. (Функция келесі режимдерде жұмыс істейді - Компоненттік, HDMI-DTV, DisplayPort-DTV)
<b>Таза ақ (Өшірулі/Жоғары/Төмен)</b>	Экранның ақ жақтарын ашып, ағартады.
<b>Дене түсі (-5 - 5)</b>	Видеодағы адам терісінің түсін анықтап, табиғи түсін көрсетуге реттейді.
<b>Шуылды азайту (Өшірулі/Жоғары/ Орташа/Төмен)</b>	Видео сапасына әсер етпей, экран шуылын азайтады. (Функция келесі режимдерде жұмыс істейді - Компоненттік, HDMI-DTV, DisplayPort-DTV)
<b>Сандық шуылды азайту (Өшірулі/ Жоғары/Орташа/Төмен)</b>	Сандық видео жасакталғанда шығатын шуылды азайтады.

<b>Гамма (Жоғары/Орташа/Төмен)</b>	Өз гамма шамаңызды реттеңіз. Дисплейде жоғары гамма шамалары ақшыл бейнелерді, ал төмен гамма шамалары жоғарғы контрастылы бейнелерді көрсетеді.
<b>Қосымша басқару</b>	Төмен: Экранның кескіні қараңғылана түседі. Жоғары: Экранның кескіні жарықтана түседі. Экранның кара түсінің деңгейін қажетті деңгейге қойыңыз. (Функция келесі режимдерде жұмыс істейді - Компоненттік, HDMI-DTV, DisplayPort-DTV)

## АУДИО параметрлері

- Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ (MƏZIP)** түймесін басыңыз.
- Шолу түймелерін басып, **АУДИО** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
Алдыңғы деңгейге оралу үшін, **НАЗАД (APТҚА)** түймесін басыңыз.
- Аяқтаған соң, **ВЫХОД (ШЫҒУ)** пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД (APТҚА)** түймесін басыңыз.

Аудио параметрлері:


Параметр	Сипаттама
<b>Дауыс тазалығы II</b>	Адам дауысын басқа дыбыстардан айырып, оны жақсырақ есту мүмкіндігін береді.
<b>Баланс</b>	Бөлмедегі ортаға қарай, оң және сол жақ үндеткіштердің арасындағы балансты реттейді.
<b>Дыбыс режимі</b>	Ағымдағы қосылып тұрған видео түріне қарай, ең жақсы дыбыс сапасы автоматты түрде таңдалады. <b>Режим</b> Стандартты: Көбінде қолданылатын және табиғи аудио. Музыка: Бұл опцияны музыка тыңдағанда түпнұсқа дыбысты есту үшін таңдаңыз. Фильм: Бұл опцияны жоғары сапалы дыбыс тыңдау үшін таңдаңыз. Спорт: Бұл опцияны спорт сайыстарын көру үшін қосыңыз. Ойын: Ойын ойнағанда динамикалық дыбыс үшін таңдаңыз. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Егер дыбыс сапасы немесе қаттылығы қажетті деңгейде болмаса, үйге арналған бөлек театр жүйесін немесе дыбыс реттегішті қолдануға кеңес береміз. <b>Опция</b> Шексіз дыбыс: Екі үндеткіштен 5.1 арналық стерео дыбысын береді. Жоғарғы жиіліктер: Шығатын негізгі дыбысты басқарады. Жоғарғы жиіліктер ұлғайтылғанда шығатын дыбыс жоғары жиіліктер аумағында ұлғаяды. Төменгі жиіліктер: Шығатын дыбысты жұмсартады. Жоғарғы жиіліктер ұлғайтылғанда шығатын дыбыс төменгі жиіліктер аумағында ұлғаяды. Қайта орнату: Дыбыс режимін бастапқы параметріне қайта реттейді.
<b>Сандық аудио кірісі</b>	<b>HDMI/Display Port:</b> HDMI сандық сигналдың дыбысын дисплей үндеткіші арқылы шығарады. Аудио кіріс: <b>HDMI</b> және Аудио кірісі порттарын жалғап, дыбысты дисплей үндеткіштері арқылы шығарады.
<b>Үндеткіш</b>	<b>ҚОСЫЛҒАН:</b> Дисплей үндеткішінің дыбысын қосады. (* Дисплей үндеткіші бөлек сатылады.)

## Уақыт параметрлері

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ВРЕМЯ** (УАҚЫТ) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.  
Алдыңғы деңгейге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.
4. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

Уақыт параметрлері:

Параметр	Сипаттама
Сағат	Уақыт функциясын реттейді.
Қосу/Өшіру таймері	Дисплейді өшіру/қосу уақытын реттейді.
Ұйқы уақыты	Дисплей өшірілгенге дейінгі уақыт ұзақтығын реттейді. Дисплейді өшіріп, қайта қосқанда ұйқы таймері өшіріледі.
Қуат қосу кідірісі	Бірнеше дисплейді жалғап, қуат түймесін қосқанда, салмақ түсірмес үшін әр дисплей жеке қосылады.
Автоматты өшіру	Егер автоматты өшіру қосылған болса және кіріс сигналы болмаса, дисплей 15 минут аралығында өшіру режиміне автоматты түрде ауысады.
Автоматты күту режимі	Егер дисплейді 4 сағаттан артық қолданбаңыз, ол автоматты түрде күту режиміне ауысады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Өшіру уақыты/Қосу уақытын жеті кесте үшін сақтауға болады. дисплей кестелер тізімінде алдын ала реттелген уақыт бойынша не өшірілген, не қосылған күйде болады. Егер кестелер тізімінде бірнеше алдын ала орнатылған уақыт сақталса, бұл функция ағымдағы уақытқа ең жақын уақыттан бастап жұмыс істей бастайды.

Қосу уақыты немесе өшіру уақыты бір рет реттелген соң, күнделікті сол тандалған уақыты бойынша жұмыс істейді.

Бағдарламаланған қуатты қосу және өшіру функциялары құралдың уақыты дұрыс орнатылғанда ғана дұрыс жұмыс істейді.

Бағдарламаланған қуатты өшіру және қосу уақыты бірдей болса және дисплей қосылып тұрса, қуатты өшіру уақытының қосу уақытынан басымдылығы артық болады, және керісінше, егер өшіріліп тұрса, қосу уақытының басымдылығы артық болады.

## ОПЦИЯ параметрлері

1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **ОПЦИЯ** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

3. Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Алдыңғы деңгейге оралу үшін, **НАЗАД (АРТҚА)** түймесін басыңыз.

4. Аяқтаған соң, **ВЫХОД (ШЫҒУ)** пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД (АРТҚА)** түймесін басыңыз.

Опция параметрлері:

Параметр	Сипаттама
<b>Тіл</b>	Басқару атаулары көрсетілетін тілді таңдаңыз.
<b>ISM әдісі</b>	<p>Экранда компьютер/видео ойыны кезінде қатып қалған немесе қимылсыз кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз, кескінді ауыстырғаннан кейін де кескін қалдықтарының пайда болуы мүмкін. Экранда қимылсыз кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз.</p> <p><b>Параметр</b></p> <p>Қалыпты: Егер қалдық кескін мәселесі орын алады деп санамасаңыз, қалыпты параметрін қалдырыңыз.</p> <p>Орбитр: Кескін қалдығын болдырмауға көмектеседі. Бірақ, экранда қалдық кескінің пайда болмауын қадағалаған дұрыс. Экранда кескін қалдығы қалмас үшін, экран әр екі минут сайын жылжып отырады.</p> <p>Кері өзгеру: Бұл функция экранның түсін кері өзгертеді. Экранның түсі әр 30 минут сайын өзгеріп отырады.</p> <p>Әк түсі: Әк түсі экранды ақ түспен толтырады. Бұл әрекет экрандағы бейне қалдықтарын жоюға көмектеседі. Әк түсі бейне қалдықтарын толығымен жоймауы мүмкін.</p>
<b>DPM таңдау</b>	Пайдаланушыға қуат үнемдеу режимін қосу немесе өшіруді таңдауына болады.
<b>Авто ауысу кірісі</b>	<p>Егер кіріс сигналы болмаса, автоматты түрде басқа сигнал кірісіне ауыстырады.</p> <p><b>Параметр</b></p> <p>Өшірулі: Кіріс көзінің авто ауысуын тоқтатады.</p> <p>Авто: Ағымдағы кіріс көзінен сигнал келмесе, басқа кіріс көзіне ауысады.</p> <p>Қолмен: Авто ауысу үшін кіріс көздерінің басымдылығын таңдайды. Бірнеше кіріс көзі табылса, басымдылығы жоғарырақ кіріс көзі таңдалады.</p>
<b>Зауыттық параметрлерді қайтару</b>	Зауыттың бастапқы параметрлерін қайтару үшін осы опцияны қолданыңыз.
<b>Желі ЖА</b>	Дисплейге бірнеше өнім қосылғанда әрқайсысына Желі ЖА нөмірін (тапсырам атауы) тағайындаңыз. Түймені қолданып санды анықтап (1-255), шығыңыз. Тағайындалған Желі ЖА әр өнімді <b>Product Control Program (Өнімді басқару)</b> бағдарламасы арқылы жеке басқару үшін қолданылады.
<b>Мозаика режимі</b>	<p>Мозаика режимі:</p> <p>Бұл функцияны қолдану үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бірнеше дисплейге жалғануы тиіс.</li> <li>• <b>DisplayPort</b> кабеліне және таратушыға қосыла алатын функцияда болуы тиіс. Мозаика режимін дисплейлерді қатарластыру параметрі мен ЖА анықталғаннан кейін қосу қажет. Өзгертілген параметрлер <b>SET (ПЕТТЕУ)</b> түймесін басқаннан кейін ғана сақталады.</li> <li>• Мозаика режимі: бағана x қатар ( б = 1 және 15 қ = 1 және 15 аралығында)</li> <li>• бары 15 x 15 .</li> <li>• Конфигурация бір бейнені көрсетіп тұрған дисплейлер қатарын анықтайды (25 DisplayPort және 12 RGB/VGA дейін).</li> </ul>

	<p>Авто конф: Экранның орналасуын, сағат және фазаны автоматты түрде бейімдеуге реттейді. Конфигурация кезінде көрсетілген бейне бірнеше секунд тұрақсыз болуы мүмкін.</p> <p>Орналасуы: Экранды көлденеңінен және тігінен жылжыту.</p> <p>Өлшемі: Экранның көлденең және тік өлшемін жақтаудың өлшемін ескере отырып реттейді.</p> <p>Табиғи: Кескіннің дисплейлер қатарында пропорциясын жақтау енінің орнын толтыру арқылы (дисплейдің көрсетіп тұрған аймағынан қатардағы келесі дисплейдің көрсетіп тұрған аймағына дейінгі ара қашықтық) сақтау мүмкіндігін ұсынады.</p> <p>Қайта орнату: Мозаиканы бастап, қайта босату функциясы. Барлық мозаика параметрлері <b>Tile reset</b> (Мозаиканы қайта реттеу) пәрмені таңдалғанда босатылады және экран толық экран режиміне оралады.</p>
<b>PIP/PBP (сурет ішіндегі сурет және жеке суреттер)</b>	<p>USB құралындағы видеолар мен фотоларды бір дисплейде негізгі және қосымша экрандарға бөліп көрсетеді.</p> <p><b>Опция</b></p> <p>Режим: Қосымша экран түрін реттейді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• *ӨШІРУЛІ: Қосымша экранды өшіреді.</li> <li>• *PIP (сурет ішіндегі сурет): Негізгі экран ішінен қосымша экранды көрсетеді.</li> <li>• *PBP (жеке суреттер): Қосымша экранды негізгі экранның жанынан көрсетеді.</li> </ul> <p>Орналасуы: Қосымша экранның орналасуын реттейді (жоғарғы сол жақ, төменгі сол жақ, жоғарғы оң жақ, төменгі оң жақ) Бастапқы шамасы төменгі оң жақ.</p> <p>Өлшемі: Қосымша экран өлшемін реттейді (0-10 өлшемдері). PIP бастапқы өлшемі (Өлшемі: 0) - 480x270; Ең үлкен 10 өлшемі 960x540.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Орны мен өлшемінің опциялары PIP режимінде ғана іске қосылады.</p>
<b>Пернелер құлпы</b>	Артқы жағындағы басқару пернелерін өшіреді немесе іске қосады. Егер пернені бекіту функциясы қосылса, дисплейді басқару пернелері өшіріледі (артқы жағындағы пернелердің функциялары).
<b>Өнім/қызмет көрсету ақпараты</b>	Үлгі атауын, бағдарлама нұсқасын, сериялық нөмірін, IP мекенжайын, MAC мекенжайын және негізгі парақты көрсетеді.
<b>Портрет режимі</b>	Экран дисплейін сағат тілімен бұрыңыз (90°)
	<p><b>Опция</b></p> <p>90°: Экран дисплейін сағат тілімен бұрыңыз (90°)</p>

## Мозаика режимі


Бұл дисплейді қосымша дисплейлермен бірге үлкен мозаика жасауға қолдануға болады.

- Өшірулі: Мозаика режимі өшірілгенде.
- 1x2: 2 дисплей қолданылғанда.




Tile ID

- 2x2: 4 дисплей қолданылғанда.



- 3x3: 9 дисплей қолданылғанда.



- 4x4: 16 дисплей қолданылғанда.



- 5x5: 25 дисплей қолданылғанда.



### Мозаика режимі – Табиғи режим

Қосылып тұрғанда, бейненің екі дисплейдің жігіндегі бөлігі көрсетілмейді.

Before



After




### PIP/PBP (сурет ішіндегі сурет және жеке суреттер)

USB құралындағы видеолар мен фотоларды бір дисплейде негізгі және қосымша экрандарға бөліп көрсетеді.

*Режим*


\*PIP (сурет ішіндегі сурет): Негізгі экран ішінен қосымша экранды көрсетеді.

\*PBP (жеке суреттер): Қосымша экранды негізгі экранның жанынан көрсетеді.




*Орналасуы*


Қосымша экранның орнын реттейді (жоғарғы сол жақ, төменгі сол жақ, жоғарғы оң жақ, төменгі оң жақ).



**top left**



**top right**




**bottom left**



**bottom right**

*Өлшемі*

Қосымша экранның өлшемін реттейді (0-10 өлшемдері).



**< 1920x1080 >**





**ЕСКЕРТПЕ:** Қосымша экрандар **USB** құралын қолданғанда ғана мүмкін болады.

Өлшемі мен орнын өзгерту **PIP** режимінде ғана мүмкін.

**PBP** режимі таңдалғанда **БЕЙНЕ** режиміндегі ара-қатынас опциясы өшіріледі (**16:9** өлшемі тұрақты болады).

**PBP** функциясын қолданғанда, мозаика функциясы жұмыс істемейді.

Дыбыс шығысын **PIP** немесе **PBP** функцияларын қосуға дейін таңдау қажет. (Негізгі немесе қосымша опцияларын таңдаңыз).

Дыбыс таңдау терезесінен негізгі немесе қосымша опцияларының бірін таңдамасаңыз, экран мәзірі біраз уақыттан кейін немесе Шығу немесе Артқа түймелерін басқанда жоғалып кетеді және **PIP/PBP** қосымша экрандары қосылмайды.

**PIP** немесе **PBP** функциялары қосылып тұрғанда дыбысын өзгерту мүмкін болмайды. Дыбысын өзгерту қажет болса, **PIP/PBP** функцияларын қайта бастаңыз.

Қосымша экранның бейне сапасы негізгі мәзірде таңдалған шамаларға сай реттелген, **USB** құралы емес.

Қуат өшірілгенде/қосылғанда **PIP/PBP** режимі өшіріледі.

Егер **PIP/PBP** режимінде видео ойнатсаңыз, видеолар бірінен кейін бірі қайталап ойнатылады.

Төмендегі түймелер **PIP** режимінде жұмыс істейді:

Түйме	Сурет	Фильм
<	o	x
>	o	x
▶	x	o
■	x	x
▶▶	x	o
◀◀	x	o
	x	o

## Суретті ЖА (жеке анықтағыш)

Суретті ЖА бір дисплейдің бейнесін бірнеше дисплейге тарату үшін оның параметрлерін жалғыз **IR** (инфракызыл) қабылдағыш арқылы өзгерту үшін қолданылады. Байланыс **IR** қабылдағышы бар дисплей және аудио кабельдер қолданатын басқа дисплейлер арасында орнайды. Әр құралдың желі бойынша жеке анықтағышы (желі ЖА) болады. Егер суретті жеке анықтағышты қашықтан басқару құралы арқылы тағайындасаңыз, қашықтан суретті жеке анықтағышы мен желі анықтағышы бір дисплейлер ғана басқарылады.

1. Қашықтан басқару құралындағы **ON** (ҚОСУ) түймесін басыңыз.
2. Сол-оң жақ түймелерін немесе **ON** (ҚОСУ) түймесін қайталап бассаңыз, Суретті жеке анықтағышты **OFF** (ӨШІРУ) және **0** мен **4** сандарының арасында таңдауға болады. Қалаған жеке анықтағышыңызды тағайындаңыз.

Егер желі арқылы таралатын әр құралға Желі ЖА тағайындасаңыз, және қашықтан басқару құралындағы қызыл түйме арқылы Суретті ЖА тағайындасаңыз, негізгі пәрмен Желі ЖА мен

Суретті ЖА бірдей құралда көрсетіледі. Желі ЖА және Суретті ЖА әртүрлі құрылғы IR сигналдары арқылы басқарылмайды.



**ЕСКЕРТПЕ:** Мысалы, егер Суретті ЖА 2 болса, оң жақтағы жоғарғы дисплей (Желі ЖА: 2) IR сигналдары арқылы басқарылады.

Әр құралдың БЕЙНЕ, АУДИО, УАҚЫТ, ЖЕЛІ және МЕНІҢ МЕДИАМ мәзірлері немесе қашықтан басқару құралындағы төте пернелерін өзгертуге болады.

Суретті ЖА мәзірінен жасыл **OFF** (ӨШІРУ) түймесін бассаңыз, барлық құрылғылардың Суретті ЖА-тары өшіріледі. Одан кейін, алыстан басқару құралындағы қандай да бір түймені бассаңыз, барлық құрылғылар қайта қосылады.

МЕНІҢ МЕДИАМ мәзірін қолданғанда Суретті ЖА өшіріледі.

## ЖЕЛІ параметрлері

- Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
- Шолу түймелерін басып, **СЕТЬ** (ЖЕЛІ) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- Шолу түймелерін басып қажетті параметр немесе опцияны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.  
Алдыңғы деңгейге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.
- Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін, **НАЗАД** (АРТҚА) түймесін басыңыз.

Опция параметрлері:

Параметр	Сипаттама
Желі параметрі	Желі параметрлерін жасақтаңыз.
Желі күйі	Желі күйін көрсету. <ul style="list-style-type: none"><li>Интернет қосылған: Сырттан қосылған</li><li>Желі қосылған: Сырттан ғана қосылған</li><li>Қосылмаған: Желі байланысы болмаса</li></ul>
<b>VOE IP</b> параметрлері	Видеоны Ethernet IP мекенжайы арқылы жалғайды.
<b>VOE</b> орнату	Бұл аймақтар <b>VOE (Video Over Ethernet)</b> бағдарламалық құралы арқылы танылады. <b>Дисплей атауы (Display Name)</b> — <b>VOE</b> бағдарламалық құралы арқылы қолдану үшін дисплейге 32 алфавиттік-сандық таңбадан тұратын атау беріңіз. <b>Дисплейдің орналасқан жері (Display Location)</b> — өзіңізге түсінікті жолмен дисплейдің физикалық орналасқан жерін белгілеңіз. 32 алфавиттік-сандық таңба қолдануға болады. <b>Өнім атауы (Product Name)</b> — LD4235 немесе LD4735 автоматты түрде көрсетіледі. <b>Ойнатқыш атауы (Player Name)</b> — шығыс сигналы осы дисплейде ойнатылатын <b>VOE</b> бағдарламалық құралы орнатылған компьютердің/мультимедиялық ойнатқыштың компьютерлік атауы. Осындай атауды сіз енгізе аласыз. <b>VOE</b> бағдарламалық құралы атауды осы дисплейге бейне сигналының көзін тағайындағанда енгізеді.




**ЕСКЕРТУ:** Ойнатқыш атауын тағайындағанда, қашықтан басқару құралының түймелерін үздіксіз бассаңыз, кіріс сигналы кешігуі мүмкін.

# 7 Байланыс орнату

Өртүрлі сыртқы құралдарды дисплейдің артындағы порттарына жалғаңыз.

1. Дисплейге жалғанатын сыртқы құралды төмендегі суреттегідей тауып алыңыз.
2. Сыртқы құралдың байланыс түрін тексеріңіз.
3. Қажетті суретті қарап, байланыс ақпаратын тексеріңіз.



Элемент	Көз	Анықтама	Элемент	Көз	Анықтама
(1)	Компьютер	<a href="#">HDMI байланысы (43-бет)</a> <a href="#">DisplayPort байланысы (42-бет)</a> <a href="#">LAN жүйесіне жалғау (45-бет)</a>	(4)	HD қабылдағышы	<a href="#">HDMI байланысы (43-бет)</a> <a href="#">DisplayPort байланысы (42-бет)</a> <a href="#">Компоненттік байланыс (44-бет)</a>
(2)	USB	<a href="#">USB-ге жалғау (45-бет)</a>	(5)	DVD	<a href="#">HDMI байланысы (43-бет)</a> <a href="#">DisplayPort байланысы (42-бет)</a> <a href="#">Компоненттік байланыс (44-бет)</a>
(3)	Үндеткіштер	<a href="#">Компоненттік байланыс (44-бет)</a>	(6)	VCR	<a href="#">Компоненттік байланыс (44-бет)</a>

 **ЕСКЕРТПЕ:** Дыбыс үшін қосымша үндеткіш жалғау қажет.


# Компьютер, HD қабылдағыш, DVD немесе VCR жалғау

Дисплейге компьютер, HD қабылдағыш, DVD немесе VCR жалғап, қажетті кіріс көзін таңдаңыз.

## DisplayPort байланысы

Сыртқы құралдан дисплейге сандық видео сигналдарын жібереді. Сыртқы құрал мен дисплейді DisplayPort кабелімен келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз. Аудио сигналды қабылдау үшін, қосымша аудио кабель жалғаңыз.


Дисплейдің арты:




## HDMI байланысы

Сыртқы құралдан дисплейге сандық видео және аудио сигналдарын жібереді. Сыртқы құрал мен дисплейді HDMI кабелімен келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз.

Дисплейдің арты:



 **ЕСКЕРТПЕ:** Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін қолданыңыз.


Жылдамдығы жоғары HDMI кабельдері 1080п немесе одан жоғары HD сигналдарын қабылдай алады.

## Компоненттік байланыс

Сыртқы құралдан дисплейге аналогтық видео және аудио сигналдарын жібереді. Сыртқы құрал мен дисплейді 15 істікшелі RCA кабелімен келесі суретте көрсетілгендей жалғаңыз. Бейнелерді прогрессивтік скан арқылы көрсету үшін, компоненттік кабель қолданыңыз.

VGA/RCA кабельдері мен аудио кіріс кабельдері дисплеймен бірге жабдықталмаған.

Дисплейдің арты:




**ЕСКЕРТПЕ:** Компоненттік портқа ортақ интерфейсін қолданып жалғағанда, порт кіріс көзіне сәйкес болуы тиіс. Әйтпесе, шуыл болуы мүмкін.

## LAN жүйесіне жалғау


- а. Рутер қолдану (ауыстырып қосу).

LAN кабелінің **(1)** бір ұшын дисплейге, екінші ұшын рутерге **(2)** қосыңыз. Екінші LAN кабелін рутерге **(3)** және LAN кабелінің екінші ұшын компьютерге **(4)** жалғаңыз.




- ә. Интернет қолдану.

LAN кабелінің **(1)** бір ұшын дисплейге, екінші ұшын желіге **(2)** қосыңыз. Екінші LAN кабелін желіге **(3)** және LAN кабелінің екінші ұшын компьютерге **(4)** жалғаңыз.



## USB-ге жалғау

USB флэш жады сияқты USB жад құралын, сыртқы қатты диск, MP3 ойнатқыш немесе USB жад картасының оқығышын дисплейге жалғап, әртүрлі мультимедиа файлдарын қолдану үшін USB мәзіріне кіріңіз.




## Гүл-тізбекті дисплейлер

Бұл функцияны компьютерден бірнеше дисплейге сандық сигнал жіберу үшін қолданыңыз.

1. Сигнал кіріс кабелін (**DisplayPort** кабелі) бірінші дисплейдің **DP** кіріс портына жалғаңыз.
2. Сигнал кіріс кабелінің бір ұшын компьютерге жалғаңыз.
3. Сигнал кіріс кабелінің бір ұшын бірінші дисплейдің **DP** шығыс портына, екінші ұшын екінші дисплейдің **DP** кіріс портына жалғаңыз.

### DisplayPort кабелі



**ЕСКЕРТПЕ:** Бір шығысқа қосыла алатын дисплейлер саны сигнал күйіне және кабельдегі жоғалуларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Сигнал күйі жақсы болса әрі кабельде жоғалулар орын алмаса, **9** дисплейге дейін қосуға болады. Егер бұдан артық дисплей санын қосу қажет болса, таратқыш жалғау қажет болады.

Кіріс/шығыс ағынды форматта бірнеше құрал жалғанғанда, кабель жоғалуларының болмағаны дұрыс.


Үшінші жақ өніміне қосқанда **DP** шығыс жұмыс істемейді.



## 8 Дисплейді музыка, видео және фотолар үшін орнату.

Дисплейді жергілікті аймақтық желіге (LAN) LAN порты арқылы төмендегі суретте көрсетілгендей жалғаңыз және желі параметрлерін реттеңіз. Дисплей сымды байланысты ғана қолдайды. Байланыс орнатылғаннан кейін, желілердің кейбіреуі дисплей желісінің параметрлерінің бейімделуін қажет етуі мүмкін. Көптеген желілерде дисплей ешқандай бейімдеулерсіз автоматты түрде қосылады.

Толығырақ ақпарат үшін, рутер нұсқаулығын қараңыз.



**⚠ ЕСКЕРТУ:** Модулярлы телефон кабелін LAN портына қоспаңыз.


Әртүрлі байланыс жолдары бар болғандықтан, жергілікті телекоммуникация жабдықтаушының техникалық талаптарын орындаңыз.

Желі параметрлерін реттеу үшін (егер дисплей автоматты түрде қосылса, орнатуды қайта жүргізу байланысқа әсер етпейді):


1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ (МӘЗІР)** түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **СЕТЬ (ЖЕЛІ)** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Настройки сети (Желі параметрлері)** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
4. Егер желі параметрлері бұрын орнатылса, **Сброс (Қайта реттеу)** пәрменін басыңыз. Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін жояды.
5. **Автонастройка IP (IP мекенжайын авто реттеу)** немесе **Ручная настройка IP (IP мекенжайын авто реттеу)** пәрмендерінің бірін таңдаңыз.

- Егер **Ручная настройка IP** (IP мекенжайын авто реттеу) пәрмені таңдалса, шолу және сандық түймелерін басыңыз. IP мекенжайын қолмен енгізу қажет болады.
- **Автонастройка IP** (IP мекенжайын авто реттеу): Бұл пәрменді егер аймақтық желіде (LAN) сымды байланыс арқылы қосылатын DHCP (Динамикалық Торап Жасақтау Протоколы) сервері (рутер) болса таңдаңыз, дисплейдің IP мекенжайы автоматты түрде тағайындалады. DHCP сервер функциясы бар кең жолақты рутер қолдансаңыз, IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.

6. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Дисплей физикалық желіге қосылмай, желі параметрлерінің мәзірі қол жетімді болмайды.

Өртүрлі байланыс жолдары бар болғандықтан, HP компаниясы сізге жергілікті телекоммуникация жабдықтаушының техникалық талаптарын орындауға кеңес береді.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Егер интернетке дисплей арқылы тікелей шыққыңыз келсе, интернет байланысы әрқашан қосылып тұруы қажет.

Егер интернетке қосылу мүмкін болмаса, желідегі компьютер арқылы желі күйін тексеріңіз.

Желі орнатуды қолданғанда LAN кабелін немесе рутердегі DHCP серверінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.

Егер желі орнатуды аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

### Желі орнату туралы кеңестер

- Бұл дисплейге стандартты LAN кабелін қолданыңыз. Cat5 немесе RJ45 қосқышы бар кабельді қолданыңыз.
- Орнату кезіндегі көптеген мәселелерді рутерді қайта реттеу арқылы шешуге болады. Дисплейді желіге жалғаған соң, желі рутерінің қуат кабелін жылдам өшіріңіз және/немесе ажыратыңыз. Одан кейін, қуат кабелін қайта қосыңыз және/немесе жалғаңыз.
- HP компаниясы интернет немесе басқа қосылған жабдықтардың байланыс қателігі/бұзылуына қатысты дисплейдің бұзылуына жауапты емес.
- HP интернет байланысына қатысты мәселелерге жауапты емес.
- Егер желі байланысының жылдамдығы мазмұн талаптарына сай болмаса, нәтижесі нашарлау болуы мүмкін.
- Кейбір интернет байланыстары сіздің интернет байлынысыңыздың шектеулеріне қатысты мүмкін болмауы ықтимал.
- Интернет төлемдері, байланыс төлемдерін қоса, ешқандай шектеусіз сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады.
- 0 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты бұл дисплейді сымды байланыспен қолданғанда қажет болады. Егер сіздің интернет қызметіңіз мұндай байланысты қолдамаса, дисплейді қосу мүмкін болмайды.

## Желі күйі


1. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МЭЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **СЕТЬ** (ЖЕЛІ) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймесін басып, **Состояние сети** (Желі күйі) тармағын таңдаңыз.
4. Желі күйін тексеру үшін, **OK** түймесін басыңыз.
5. Аяқтаған соң, **ВЫХОД** (ШЫҒУ) пәрменін басыңыз.

Опция	Сипаттама
Параметр	Желі орнату мәзіріне оралыңыз.
Тексеру	Желіні орнатқан соң, ағымдағы желі күйін тексеріңіз.
Жабыңыз.	Алдыңғы мәзірге оралыңыз.

## USB жад құрылғыларын жалғау

USB флэш құрылғыларын USB орнатылған ойнатқыштағы мультимедиа функциялары мен мазмұн ойнату үшін қолдануға болады.

USB флэш жады мен USB жад картасын оқитын құралды дисплейге төмендегі суретте көрсетілген жолмен жалғаңыз. "Менің медиам" экраны пайда болады.



**⚠ ЕСКЕРТУ:** EMF (Менің медиам) мәзірі қосылып тұрғанда, USB жад құралын алмаңыз немесе дисплейді өшірмеңіз, нәтижесінде USB жад құралындағы файлдар жоғалуы мүмкін немесе бүлінуі мүмкін.

USB жад құралындағы файлдардың сақтық көшірмесін жиі жасап отырыңыз, файлдарды жоғалтып немесе бүлдіріп алуыңыз мүмкін және ондай мәселелер кепілдікте қамтылмаған.

### USB жад құралдарын қолдану туралы кеңестер


- USB жад құралы ғана анықталады.
- Егер USB жад құралы USB торабы арқылы қосылып тұрса, құралды анықтау мүмкін болмайды.
- Автоматты анықтау бағдарламасын қолданатын USB жады анықталмауы мүмкін.
- Өзінің драйверін қолданатын USB жад құралы анықталмайды.
- USB жад құралын анықтау жылдамдығы әр құралға байланысты болады.
- Жалғанған USB жад құралы қолданыста болғанда, дисплейді өшірмеңіз немесе USB құралын алмаңыз. Мұндай құрал күтпеген жерден ажыратылғанда USB жад құралы немесе ондағы сақталған файлдар бүлінуі мүмкін.
- Қалыпты музыка файлдары, фото немесе видео файлдары бар USB жад құралын ғана қолданыңыз.
- Windows амалдық жүйесі арқылы FAT32 және NTFS файл жүйесі ретінде форматталған USB жад құралын ғана қолданыңыз. Windows қолдауы жоқ басқа бағдарламамен форматталған жад құралдары анықталмауы мүмкін.

- Сыртқы қуат жабдығын қажет ететін **USB** жад құралын қуат көзіне қосыңыз (**0,5 А**-ден артық). Егер олай жасамасаңыз, құрал анықталмауы мүмкін.
- **USB** жад құралын жабдықталған кабель арқылы жалғаңыз.
- Кейбір **USB** жад құралдарының қолдауы болмауы мүмкін немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- **USB** жад құралдарының файл түзету әдісі **100** ағылшын таңбаларын анықтай алады.
- **USB** жад құралдарында сақталған деректердің бүліну қаупі бар болғандықтан, маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасап отырыңыз. Деректердің жоғалуына біз жауап бермейміз.
- Егер **USB** қатты драйвında сыртқы қуат көзі болмаса, **USB** құралы анықталмауы мүмкін. Сыртқы қуат көзін жалғауды ұмытпаңыз. Сыртқы қуат көзі үшін қуат адаптерін қолданыңыз.
- Егер **USB** жад құралында бірнеше бөлшектер болса немесе **USB** бірнеше карта оқу құралын қолдансаңыз, **4** бөлшекке дейін немесе **USB** жад құралын қолдануға болады.
- **USB** жад құралы бірнеше **USB** картасын оқу құралына жалғанып тұрса, оның көлемі туралы дерек анықталмауы мүмкін.
- Егер **USB** жады дұрыс жұмыс істемесе, ажыратып, қайта қосыңыз.
- **USB** жад құралын анықтау жылдамдығы құралға қарай әртүрлі болады.
- Егер **USB** күту режимінде тұрса, дисплей қосылғанда сол драйв автоматты түрде жүктеледі.
- Сыртқы **USB** қатты дискісінің сыйымдылығы **1 Тб** немесе одан аз, ал **USB** жадының сыйымдылығы **32 Гб** немесе одан аз болуы қажет.
- Сыйымдылығы бұдан артық құралдар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Қуат үнемдеу функциясы бар **USB** сыртқы қатты дискі жұмыс істемесе, қатты дискіні өшіріп, қайта қосыңыз.
- **USB 2.0** нұсқасынан төмен **USB** жад құралдарының қолдауы бар. Олар видеомен жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бір қалтада ең көп дегенде **999** қалта немесе файл анықтау мүмкіндігі бар.
- Сертификатталған **USB** жад құралы мен кабелін қолданған дұрыс. Әйтпесе, **USB** жад құралы анықталмауы немесе қателік орын алуы мүмкін.
- **USB 3,0** жад құралы жұмыс істемеуі мүмкін.

## Файлдарды шолу

Фотолар, музыка, видео тізімдерін ашу немесе файлдарды шолу.

1. USB жад құралын қосыңыз.
2. Негізгі мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, **Мультимедиа** (Менің медиам) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймесін басып, **Список фильмов** (Фильмдер тізімі), **Список фото** (Фотосуреттер тізімі), немесе **Список музыки** (Музыка тізімі) тармақтарн тандаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.



Элемент	Сипаттама
(1)	Жоғары деңгейлі қалтаға жылжытады.
(2)	Ағымдағы парак/Барлық парақтар.
(3)	Қашықтан басқару құралындағы түймелер.
(4)	Меңзелген қалтадағы мазмұндардың ағымдағы парағы/барлық парақтары (1).
(5)	Меңзелген қалтадағы мазмұндар (1).

Түйме	Сипаттама
Жасыл түйме	Жасыл түймені басып, <b>Фотосуреттер тізімі &gt; Музыка тізімі, Музыка тізімі &gt; Фильмдер тізімі немесе Фильмдер тізімі &gt; Фотосуреттер тізімі</b> арасында жылжыңыз.
Сары түйме	Папкаларды шағын жақтаушалар режимінде немесе тізім ретінде көрсету әдісі.
Көк түйме	Белгілеу режиміне ауыстыру.

## Қолдауы бар файл форматы

Түрі	Қолдауы бар файл форматы
Фильм	<p><b>DAT,MPG,MPEG,VOB,AVI,MP4,MKV,TS,TRP,TP,ASF,WMV,FLV)</b></p> <p><b>Фильм</b> (*.mpg/*.mpeg/*.dat/*.ts/*.trp/*.tp/*.vob/*.mp4/*.mov/*.mkv/*.avi/*.asf/*.wmv/*.flv/*.avi(motion-jpeg)/*.mp4(motion-jpeg)/*.mkv(motion-jpeg)) қолдау файлы</p> <p><b>Видео форматы:</b> Xvid1.00, Xvid1.01, Xvid1.02, Xvid1.03, Xvid1.10 beta-1/beta-2, Mpeg-1, Mpeg-2, Mpeg-4, H.264/AVC, VC1, JPEG, Sorenson H.263</p> <p><b>Аудио форматы :</b> Dolby Digital, AAC, Mpeg, MP3, LPCM, HE-AAC, ADPCM, WMA</p> <p><b>Бит мөлшері :</b> 32 кб сек және 320 кб сек аралығында (MP3)</p> <p><b>Сыртқы субтитр форматы :</b> *.smi/*.srt/*.sub (MicroDVD,Subviewer1.0/2.0)/*.ass/*.ssa/*.txt(TMPlayer)/*</p> <p><b>Ішкі субтитр форматы :</b> тек қана, XSUB</p>
Сурет	<p><b>JPEG</b> негізгі : 64 x 64 to 15360 x 8640</p> <p>Прогрессивті: 64 x 64 to 1920 x 1440</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• JPEG файлдарын ғана көруге болады</li> <li>• Қолдауы жоқ папкалар алдын ала анықталған таңбалар форматында көрсетіледі.</li> </ul> <p>Файл жалғаулары: .jpg, .jpeg, .jpe</p> <p>Қолдауы бар файл форматы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>SOF0:</b> негізгі</li> <li>• <b>SOF1:</b> Бірізді кеңейту</li> <li>• <b>SOF2:</b> Прогрессивті</li> </ul> <p>Фотосурет өлшемі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ең аз: 64 x 64</li> <li>• Ең көп: Қалыпты</li> <li>• Түрі: 15360 (E) x 8640 (B)</li> <li>• Прогрессивті түрі: 1920 (E) x 1440 (B)</li> </ul>
Музыка	<p><b>MP3</b></p> <p>Бит шамасы 32 -320</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>MPEG1 Layer3</b> жиілігі : 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц</li> <li>• <b>MPEG2 Layer3</b> жиілігі : 16 кГц, 22,5 кГц, 24 кГц</li> <li>• <b>MPEG2,5 Layer3</b> жиілігі : 8 кГц, 11,025 кГц, 12 кГц</li> </ul>
Мазмұн	<p>Файл жалғаулары: *.cts/ *.cse</p> <p>Фильм</p> <p><b>Файл жалғаулары:</b> *.mpg/*.mpeg/*.dat/*.ts/*.trp/*.tp/*.vob/*.mp4/*.mov/*.mkv/*.avi/*.asf/*.wmv/*.avi(motion JPEG)/*.mp4(motion JPEG)/*.mkv(motion JPEG)</p> <p><b>Видео форматы:</b> MPEG1, MPEG2, MPEG4,H.264/ AVC, Xvid 1.00,Xvid 1.01, Xvid 1.02, Xvid 1.03,Xvid 1.10-beta1/2, JPEG, VC1(WVC1/WMV3)</p> <p><b>Аудио форматы:</b> MP2,MP3,Dolby Digital, LPCM, AAC, HE-AAC,LPCM, ADPCM, WMA, MP3</p> <p>Фотосурет JPEG JPG PNG BMP</p> <p>Қолдауы бар файл форматы:</p>

- SOF0: негізгі
- SOF1: Бірізді кеңейту
- SOF2: Прогрессивті

Фотосурет өлшемі:

- Ең аз: 64 x 64
- Ең көп: 136 x 768

Музыка: MP3

Бит шамасы: 32 кб сек және 320 кб сек аралығында

Жілік шамасы:

- 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц (MPEG1 L3)
- 16 кГц, 22,05 кГц, 24 кГц (MPEG1 L3)
- 8кГц, 11,025 кГц, 12 кГц (MPEG2.5 L3)



## Видеоларды ойнату

Дисплей USB жад құралында сақталған барлық видео файлдарды немесе компьютердегі ортақ файлдарды көрсетеді.

1. Шолу түймелерін басып, **Мультимедиа** (Менің медиам) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Список фильмов** (Фильмдер тізімі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, қажетті қалтаны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті файлды таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.


Мәзір	Сипаттама
Белгіленгенді ойнату	Таңдалған видео файлға оралады.
Барлығын белгілеу	Экрандағы барлық видео файлдарды белгіленіз.
Барлығының белгісін алу.	Белгіленген барлық видео файлдардың таңдау белгілерін алыңыз.
Белгі режимінен шығу	Белгі режимінен шығады.








5. Видеоны ойнату.

 **ЕСКЕРТНЕ:** Қолдауы жоқ қалталардың бейнені алдын ала көру режимінде таңбалары ғана көрсетіледі .

Жарамсыз қалталар **bitmap**  форматында көрсетіледі.

6. Ойнатуды келесі түймелерді қолданып басқарыңыз.

Түйме	Сипаттама
	Ойнатуды тоқтатады.

	Видеоны ойнатады.
	Ойнатуды кідіртеді немесе қайта қосады.
	Файл ішінде артқа жылжиды.
	Файл ішінде алға жылжиды.
МӘЗІР	<b>Опция</b> мәзірін көрсетеді.
	Мәзірді толық өлшемді экранда жасырады.
	<b>Фильмдер тізімі</b> тармағына оралады.
◀ немесе ▶	Ойнату кезінде файлдың белгілі бір нүктесіне жылжытады. Файлдың белгілі бір нүктесінің уақыты күй жолағында пайда болады. Кейбір файлдарда бұл функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
	Экранның жарықтығын арттыру үшін ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ түймесін бірнеше рет басыңыз.

### Видео файлдарды ойнатуға арналған кеңестер

- Пайдаланушы жасаған субтитрлер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Субтитрлердегі кейбір ерекше таңбалардың қолдауы жоқ.
- **HTML** тагтарының субтитрде қолдауы жоқ.
- Қолдауы бар тілдерден басқа тілдерде субтитрлер қол жетімсіз.
- Аудио тілі өзгертілгенде экранда уақытша кедергілер орын алуы мүмкін (кескін кідірісі, жылдам жылжу, т.б.).
- Бүлінген видео файл дұрыс ойнатылмауы мүмкін немесе ойнатқыштың кейбір функцияларын қолдану мүмкін болмауы ықтимал.
- Кодтары бар видео файлдар дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Жазылған файлдың видео және аудио құрылымы шектеспесе, не видео немесе аудио бүлінген.
- Анықтығы **1920x1080@25/30п** немесе **1280x720@50/60п** анықтығы файлдардың қолдауы жақтауына байланысты болады.
- Анықтығы **1920x1080@25/30п** немесе **1280x720@50/60п** шамасынан жоғары видеолар жақтауына қарай дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Видео файлдардың анықталған түрлері мен форматтарынан басқалары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Видео файлдың ең үлкен бит шамасы **20 МБ/сек.** (тек қана, **Motion JPEG : 10 МБ/сек.**)
- Кодтау деңгейі **4.1** немесе одан жоғары **H.264/ AVC** мазмұны дұрыс ойнатылады деген кепілдік берілмейді.
- **DTS** аудио кодекінің қолдауы жоқ.
- Өлшемі **30 Гв-**тан жоғары видео файлын ойнатуға қолдау берілмеген.
- Видео файл атауы мен субтитрдің атауы бірдей болуы тиіс.
- Жоғары жылдамдықты қолдамайтын **USB** байланысы арқылы видео дұрыс ойнатылмауы мүмкін.



- GMC (Global Motion Compensation) коды бар файлдар дұрыс ойнамауы мүмкін.
- Видеоны Фильмдер тізімі функциясы арқылы көргенде бейнені қашықтан басқару құралындағы Қуат үнемдеу пернесі арқылы бейімдеуге болады.

### Видео опциялары

1. Қалқымалы мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МЭЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Установка воспроизводства видео** (Видеоны ойнатуды орнату), **Установка видео** (Видео орнату). немесе **Установка аудио** (Аудио орнату) пәрменін, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Фильмдер тізімі функциясында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларына әсер етпейді.

**Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** шамаларын өзгертеді, бірақ **Фильмдер тізімі** функциясына әсер етпейді.

Видео файлды тоқтатып, қайта ойнатқанда, тоқтаған жерінен бастап ойнатуға болады.


**Установка воспроизводства видео** (Видео ойнатуды орнату) пәрменін таңдағанда:

1. Шолу түймелерін басып, **Размер изображение** (Бейне өлшемі), **Язык аудио** (Аудио тілі), **Язык субтитров** (Субтитрлер тілі) немесе **Повторить** (Қайталау) пәрмендеріне жылжытыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

Мәзір	Сипаттама
Бейне өлшемі	Видео ойнатқанда қалаулы бейне форматын таңдайды.
Аудио тілі	Видео ойнатқанда аудионың Тіл тобын өзгертеді. Бұл опцияны құрамында жалғыз аудио жолы бар файлдарды қолданғанда таңдау мүмкін болмайды.
Субтитр тілі	Субтитрді қосу/өшіру.
Тіл	SMI субтитрлеріне қосылған және тілді субтитрлер аясында өзгерте алады.
Код беті:	Субтитр шрифті таңдау мүмкіндігі бар. Бастапқы параметрге реттелгенде, жалпы мәзірдің шрифтісі қолданылады.
Синхрондау	Видео ойнатқанда субтитрлер уақытын синхрондауды <b>-10 сек</b> және <b>+10 сек</b> аралығында <b>0,5 сек</b> кадаммен бейімдейді.
Орналасуы	Видео ойнатқанда субтитрлер орнын жоғары немесе төмен қарай өзгертеді.
Өлшемі	Видео ойнатқанда қажетті субтитр өлшемін таңдайды.
Қайталау	Видео ойнатуды қайталау функциясын қосу/өшіру. Қосылғанда қалта ішіндегі файл қайталап ойнатылады. Қайталап ойнату өшіріліп тұрса да, егер файлдың атауы алдыңғы файлдың атауына ұқсас болса, қайталап ойнатуы мүмкін.

Код беті:	Сипаттама
Латын1	Ағылшын, Испан, Француз, Неміс, Италиан, Швед, Фин, Нидерланд, Португал, Дат, Румын, Норвег, Албан, Гал, Уэлс, Ирланд, Каталон, Валенсия
Латын2	Босния, Поляк, Хорват, Чех, Словак, Словения, Серб, Венгр
Латын4	Эстон, Латыш, Литва
Кирил	Болгар, Македон, Орыс, Украин, Қазақ

Грек	Грек
Түрік	Түрік
Кәріс	Кәріс

 **ЕСКЕРТПЕ:** Субтитрлер файлында **10,000** синхрондау блогының ғана қолдауы бар.

Видео ойнатқанда бейне өлшемін **ARC** түймесін басу арқылы реттеуге болады.

Сіздің тіліңіздегі субтитрлер Экранды Мәзір сол тілде болса ғана қол жетімді болады.

Субтитрлер файлының тіліне қарай код парағының опциясы өшірілуі мүмкін.

Субтитрлер файлдары үшін қажетті код парағын таңдаңыз.

**Установка видео** (Видео орнату) пәрменін таңдағанда:

▲ Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

**Установка аудио** (Аудио орнату) пәрменін таңдағанда:

1. Шолу түймелерін басып, **Звуковой режим** (Дыбыс режимі), **Чистый звук II** (Таза дыбыс II), немесе **Баланс** пәрмендеріне жылжытыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.


## Фотосуреттерді көру

**USB** жад құралында сақталған фотосуреттерді көру. Экрандағы дисплейлер үлгіден өзге болуы мүмкін.

1. Шолу түймелерін басып, **Мультимедиа** (Менің медиам) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Список фото** (Фотосуреттер тізімі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, қажетті қалтаны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті файлды таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Мәзір	Сипаттама
Белгіленгендерді көру	Таңдалған фото файлын көрсетеді.
Барлығын белгілеу	Экрандағы барлық фото файлдарды белгілейді.
Барлығының белгісін алу.	Белгіленген барлық фото файлдардың таңдау белгілерін алады.
Белгі режимінен шығу	Белгі режимінен шығады.








5. Фотосуреттерді көру.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қолдауы жоқ қалталардың бейнені алдын ала көру режимінде таңбалары ғана көрсетіледі.

Бүлінген файлдар **bitmap** форматында көрсетіледі.


### Фото опцияларын қолдану

Фотосуреттерді көргенде келесі опцияларды қолданыңыз.

Опция	Сипаттама
	Слайдшоуды таңдалған фотолардан бастайды немесе тоқтатады. Егер таңдалған фотосуреттер болмаса, осы қалтада сақталған барлық фотосуреттер слайдшоу арқылы көрсетіледі. Слайдшоудың жылдамдығын реттеу үшін, <b>Опция</b> тармағын таңдаңыз.
	Фондық музыкасын ( <b>BGM</b> ) қосады немесе өшіреді. Фондық музыка қалтасын орнату үшін, <b>Опция</b> тармағын таңдаңыз. Опцияларды қашықтан басқару түймесіндегі <b>MENU</b> (Мәзір) түймесі арқылы реттеуге болады.
	Фотосуреттерді сағат тілімен айналдырады ( <b>90°, 180°, 270°, 360°</b> ). <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Қолдауы бар фото өлшемдері шектеулі. Егер айналдыру енінің ажыратымдылығы қолдауы бар ажыратымдылық өлшемінен үлкен болса, фотосуретті айналдыру мүмкін болмайды.
	Фотосуретті <b>2, 4</b> есе ұлғайтып көру. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Ажыратымдылығы <b>960x540</b> немесе одан аз фотосуреттерді ұлғайту мүмкін емес.
	Экранның жарығын өзгерту үшін <b>ҚУАТ ҮНЕМДЕУ</b> түймесін бірнеше рет басыңыз.
<b>МӘЗІР</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Слайд жылдамдығы:</b> Слайд жылдамдығын таңдайды (Жылдам, Орташа, Баяу).</li> <li>• <b>Ауысу әсері:</b> Слайд шоуды көру режимін орнату.</li> <li>• <b>BGM:</b> Фондық музыка үшін музыка қалтасын таңдайды.</li> </ul> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Музыка папкасын фондық музыка ойнап тұрғанда өзгерте алмайсыз.</p> <p>Құралда сақталған және қазір фотосуреттерді көрсетіп тұрған <b>MP3</b> қалтасын ғана таңдай аласыз.</p>
	Опция терезесін жасырады. Опцияларды көрсету үшін, <b>OK</b> түймесін басыңыз.
	<b>Фотосуреттер тізімі</b> тармағына оралады.

## Фотосурет опциялары

1. **Опция** тармағын ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Установка просмотра фотографии** (Фотосуреттерді көруді орнату), **Установка видео** (Видео орнату). немесе **Установка аудио** (Аудио орнату) пәрменін, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** **Фильмдер тізімі** функциясында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларына әсер етпейді.

**Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** шамаларын өзгертеді, бірақ **Фильмдер тізімі** функциясына әсер етпейді.

Видео файлды тоқтатып, қайта ойнатқанда, тоқтаған жерінен бастап ойнатуға болады.

**Установка просмотра фотографии** (Фотосуреттерді көруді орнату) пәрменін таңдағанда:

1. Шолу түймелерін басып, **Скорость показа слайдов** (Слайд көрсету жылдамдығы), **Эффект перехода** (Ауысу әсері), немесе **BGM** пәрмендеріне жылжытыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

## Ауысу әсері опциясы

Опция	Сипаттама
-------	-----------

---

**Сырғыту**

Ағымдағы слайдты көріністен алып, келесі слайдты көрсетеді.



---

**Баспалдақ**

Ағымдағы слайдты көріністен баспалдақ пішімінде алып, келесі слайдты көрсетеді.



---

**Есік ашу/жабу**

Ағымдағы слайдты көріністен есікті ашып жабу сияқты алып, келесі слайдты көрсетеді.



---

**Жалюзи**

Ағымдағы слайдты көріністен жалюзи жапқандай алып, келесі слайдты көрсетеді.



---

**Біртіндеп жоғалу**

Келесі слайдты көрсеткенге дейін алдыңғы слайдты баяу жоғалтады.



---

**Установка видео (Видео орнату) пәрменін таңдағанда:**

- ▲ Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

**Установка аудио (Аудио орнату) пәрменін таңдағанда:**

1. Шолу түймелерін басып, **Звуковой режим** (Дыбыс режимі), **Чистый звук II** (Таза дыбыс II), немесе **Баланс** пәрмендеріне жылжытыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

## Музыка тыңдау

**ЕСКЕРТПЕ:** Аудио тыңдау үшін дисплейге үндеткіштер орнатылуы тиіс.

1. Шолу түймелерін басып, **Мультимедиа** (Менің медиам) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Список музыки** (Музыка тізімі) пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. Шолу түймелерін басып, қажетті қалтаны таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Шолу түймелерін басып, қажетті файлды таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

---

Мәзір	Сипаттама
Белгіленгенді ойнату	Таңдалған музыка файлын көрсетеді.
Барлығын белгілеу	Экрандағы барлық музыка файлдарды белгілейді.

---

---

**Барлығының белгісін алу.** Белгіленген барлық музыка файлдардың таңдау белгілерін алады.

---











**Белгі режимінен шығу** Белгі режимінен шығады.

---

5. Музыка ойнату.

6. Ойнатуды келесі түймелерді қолданып басқарыңыз.

---


Түйме	Сипаттама
	Файлды ойнатуды тоқтатып, музыка тізіміне оралады.
	Музыка файлын ойнатады.
	Ойнатуды кідіртеді немесе қайта қосады.
	Алдыңғы файлға ауысады.
	Келесі файлға ауысады.
	Қосылып тұрғанда, << түймесін бассаңыз, алдыңғы музыка файлы ойнатылады. Егер << түймесін бассаңыз, келесі музыка файлы ойнатылады.
немесе	
	
<b>Жасыл түйме</b>	Таңдалған музыка файлдарын ойната отырып, <b>Музыка тізімі</b> тармағына жылжыңыз.
	Экранның жарықтығын арттыру үшін <b>ҚУАТ ҮНЕМДЕУ</b> түймесін бірнеше рет басыңыз.
<b>МӘЗІР</b>	Опция мәзірін көрсетеді.
	Опция терезесін жасырады. Опцияларды көрсету үшін, <b>ОК</b> түймесін басыңыз.
	Музыка ойнатқыш көрсетіліп тұрғанда <b>ШЫҒУ</b> түймесін бассаңыз, музыка ғана өшіріледі, ойнатқыш қалыпты көрінісіне оралмайды. Музыка тоқтатылғанда немесе музыка ойнатқыш жасырын тұрғанда <b>ШЫҒУ</b> түймесін бассаңыз, ойнатқыш қалыпты көрінісіне оралады.
<b>&lt; немесе &gt;</b>	Ойнату кезінде < немесе > түймесін қолданғанда, алға немесе артқа жылжу меңзері көрсетілуі мүмкін.

---

### Музыка файлдарды ойнатуға арналған кеңестер

- Бұл дисплей ID3 Tag орнатылған MP3 файлдарын қолдамайды.








**ЕСКЕРТПЕ:** Қолдауы жоқ қалталардың бейнені алдын ала көру режимінде таңбалары ғана көрсетіледі .



Бүлінген файлдар **bitmap**  форматында көрсетіледі.

Бүлінген музыка файлы ойнатылмайды, бірақ **00:00** ойнау уақытын көрсетеді.

Авторлық құқығы қорғалған, ақылы қызметтен жүктелген музыка қосылмайды, бірақ ойнату кезінде басқа ақпаратты көрсетеді.

Егер **OK** түймесін бассаңыз немесе  түймесін бассаңыз, аудио және экран қалқаны тоқтатылады.

Қашықтан басқару құралындағы **PLAY**  (Ойнату), **Pause**  (Кідірту), ,  түймелері де осы режимде қол жетімді.

Келесі музыканы таңдау үшін  түймесін, ал алдыңғы музыканы таңдау үшін  түймесін қолданыңыз.

### Музыка опциялары

1. Қалқымалы мәзірді ашу үшін **МЕНЮ** (МӘЗІР) түймесін басыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, **Установка воспроизводства аудио** (Аудионы ойнатуды орнату) немесе **Установка аудио** (Аудио орнату) пәрменін, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** **Фильмдер тізімі** функциясында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларына әсер етпейді.

**Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** функцияларында өзгертілген шамалар **Фотосуреттер тізімі** және **Музыка тізімі** шамаларын өзгертеді, бірақ **Фильмдер тізімі** функциясына әсер етпейді.

**Установка воспроизводства аудио** (Аудио ойнатуды орнату) пәрменін таңдағанда:

1. Шолу түймелерін басып, **Повторить** (Қайталау) немесе **Случайный** (Кездейсоқ) пәрмендеріне жылжыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

**Установка аудио** (Аудио орнату) пәрменін таңдағанда:


1. Шолу түймелерін басып, **Звуковой режим** (Дыбыс режимі), **Чистый звук II** (Таза дыбыс II), немесе **Баланс** пәрмендеріне жылжытыңыз.
2. Шолу түймелерін басып, қажетті реттеулерді орындаңыз.

## PIP/PVP бағдарламасын пайдалану

USB құралындағы видеолар мен фотоларды бір дисплейде негізгі және қосымша экрандарға бөліп көрсетеді.

1. **MENU** (МӘЗІР) түймесін басып, **ОПЦИЯ** пәрменіне жылжытыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.


2. PIP немесе PBP режимін таңдау үшін PIP/PBP тармағын басыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.



3. **Список фильмов** (Фильмдер тізімі) немесе **Список фото** (Фотосуретер тізімі) тармақтарын **Мультимедиа** (Менің Медиам) тармағынан таңдаңыз. (**PIP/PBP** таңдалғанда **Музыка тізімі** өшіріледі).



4. Қажетті файлды таңдап, **OK** түймесін басыңыз.



5. Ойнату тізімінен PIP немесе PBP таңбасын таңдаңыз.



6. Дыбыс үшін Негізгі немесе Қосымша пәрмендерін таңдаңыз. Дыбыс шығысын PIP немесе PBP функцияларын қосуға дейін таңдау қажет.
7. Қосымша экран негізгі экранның ішінде көрсетіледі.





## 9 Ақауларды жою

### Сурет көрсетілмейді.

Себеп	Шешім
Дисплейдің қуат сымы жалғанған ба?	Қуат сымының розеткаға дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
'Out of range' (Аумақтан тыс) хабары пайда болды ма?	Компьютерден (бейне картасы) келетін сигнал дисплейдің тік немесе көлденең ауқымынан тыс болып тұр. Жиілік аумағын келесі талаптарға сай реттеңіз:  RGB ең жоғары ажыратымдылығы: 1920 x 1080 @ 60 Гц HDMI/DisplayPort: 1920 x 1080 @ 60 Гц
'Check signal cable' (Сигнал кабелін тексеріңіз) хабары пайда болды ма?	Компьютер мен дисплей арасындағы сигнал кабелі жалғанбаған. Сигнал кабелін тексеріңіз.  Кіріс сигналын тексеру үшін, қашықтан басқару құралындағы <b>INPUT</b> (KIPIC) түймесін басыңыз

### Дисплей қосылғанда 'Unknown Product' (Белгісіз өнім) хабары пайда болады.

Себеп	Шешім
Драйверді орнаттыңыз ба?	"Қосу және ойнату" функциясының қолдауын видео картасының нұсқаулығынан тексеріңіз.

### Экран әдеттегідей емес.

Себеп	Шешім
